64 Құрылғыға қызмет көрсету
65 Қолданбалар
66 Жалпы баптаулар
67 Арнайы мүмкіндіктер
67 БЖ жаңарту
67 Қашықтан басқару
68 Телефон туралы мәліметтер

Пайдалану туралы ескертулер

69 Құрылғыны пайдалануға қатысты сақтандырулар
71 Жинақтама және аксессуарларға қатысты ескертулер
72 Құрылғының қызып кету шарттары және ықтимал шешімдер

Қосымша

76 Арнайы мүмкіндіктер
89 Ақауларды жою

Жұмысты бастау

Құрылғының сыртқы көрінісі және функциялары




GPS антенна
Микрофон
Основная камера
Вспышка
Основная антенна
Внешний динамик
Микрофон

- Динамиктер жұмыс істеп тұрғанда, мысалы, мультимедиа файлдарын ойнату немесе спикерфонды пайдалану кезінде құрылғыны құлаққа жақын ұстамаңыз.
- Камера объективін қарқынды жарық көздерінің, мысалы, тікелей күн сәулесі немесе лазердің әсеріне ұшыратпаңыз. Бұл камера матрицасының зақымдалуына себеп болуы мүмкін. Зақымдалған матрица жөнделмейді, ал кескіндерде нүктелер немесе дақтар көрінеді.
- Құрылғының кез келген бөлігі, мысалы, әйнегі немесе акрил корпусы сынған немесе зақымдалған болса, жарақат алмау үшін оны пайдаланбаңыз. Құрылғыны тек Samsung қызмет көрсету орталығында немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығында жөндегеннен кейін ғана пайдаланыңыз.
- Микрофонға, динамикке немесе қабылдағышқа шаң немесе бөгде заттар түссе, не болмаса құрылғының бұл бөліктері қандай да бір заттармен жабылса, құрылғының дыбысы бәсең болуы мүмкін, ал кейбір функциялар жұмыс істемеуі мүмкін. Шаңды немесе бөгде заттарды үшкір затпен тазалауға әрекеттену құрылғыны зақымдап, оның сыртқы көрінісін нашарлатуы мүмкін.
- Қосылу және аккумулятордың заряды таусылу мәселелері келесі жағдайларда туындауы мүмкін:
  - Құрылғының антенна аймағына металл элементтерді орнатқанда;
  - Құрылғыға металл қаптама кигізгенде;
  - Қоңырау шалу немесе мобильдік деректер беру сияқты белгілі бір функцияларды пайдалану кезінде құрылғының антенна аймағын қолмен немесе заттармен жапқанда.
- Қашықтық/жарықтандыру датчигін жапсырмалар немесе қаптама сияқты аксессуарлармен жаппаңыз. Әйтпесе, бұл датчиктің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Аппараттық батырмалар

Батырма	Функция
Бүйір батырмасы	• Құрылғы өшірулі болғанда, оны қосу үшін пернені басып тұрыңыз. • Экранды қосу немесе бұғаттау үшін басыңыз. • Таңдалған қолданбаны немесе функцияны ашу үшін екі рет басыңыз немесе басып тұрыңыз. Өзгерту үшін Баптаулар тармағын ашып, Қосымша функциялар → Бүйір батырмасы тармағын таңдаңыз.
Бүйір батырмасы + Дыбысты азайту батырмасы	• Экранның скриншотын жасау үшін бір мезгілде басыңыз. • Құрылғыны өшіру үшін бір мезгілде басып тұрыңыз.

Аккумуляторды зарядтау

Құрылғыны алғаш рет пайдаланбас бұрын немесе ұзақ уақыт пайдаланылмағаннан кейін аккумуляторды зарядтау қажет.

Сымды зарядтау

Аккумуляторды зарядтау үшін USB кәбілінің бір ұшын USB қуат адаптеріне, ал екінші ұшын құрылғының әмбебап қосқышына қосыңыз. Зарядтау аяқталғаннан кейін зарядтау құрылғысын зарядталатын құрылғыдан ажыратыңыз.



Жылдам зарядтау

Ультражылдам немесе жылдам зарядтау құрылғысын пайдаланыңыз.

Зарядтау құрылғысының қосылу күйін Баптаулар тармағын ашып, Батарея тармағын таңдау арқылы көруге болады.

- Жылдам зарядтау жұмыс істемесе, Баптаулар тармағын ашып, Батарея → Зарядтау баптаулары тармағын таңдаңыз да, тиісті функцияның қосулы екенін тексеріңіз. Сондай-ақ USB кәбілі мен USB қуат адаптерінің дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Құрылғы немесе оның экраны өшірулі болса, аккумулятор жылдамырақ зарядталады.

Аккумуляторды зарядтау кезіндегі кеңестер мен сақтық шаралары

- Тек Samsung компаниясы бекіткен, дәл сіздің құрылғыңызға арналған аккумуляторды пайдаланыңыз. Үйлесімсіз аккумуляторларды пайдалану ауыр жарақатқа немесе құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Samsung компаниясы бекіткен, дәл осы құрылғыға арналған зарядтау құрылғылары мен кәбілдерді пайдалану ұсынылады. Үйлесімсіз зарядтау құрылғыларын пайдалану жарақатқа немесе құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін.

- Зарядтау құрылғысын дұрыс қоспау құрылғыңыздың елеулі зақымдалуына әкелуі мүмкін. Құрылғы мен аксессуарларды дұрыс пайдаланбау салдарынан туындаған кез келген зақымға кепілдік қолданылмайды.
- Құрылғымен бірге жеткізілетін USB Type-C кәбілін пайдалану ұсынылады. microUSB кәбілін пайдалану құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Әмбебап қосқыш дымқыл болса, құрылғыны зарядтау оның зақымдалуына әкелуі мүмкін. Құрылғыны зарядтамас бұрын әмбебап қосқышты мұқият сүртіп, құрғатыңыз.

- Электр энергиясын үнемдеу мақсатында зарядтау құрылғысын пайдаланбаған кезде розеткадан ажыратыңыз. Зарядтау құрылғысында қуат ауыстырып-қосқышы жоқ, сондықтан зарядтау процесін тоқтату және электр энергиясын үнемдеу үшін оны электр розеткасынан ажырату керек. Пайдалану кезінде зарядтау құрылғысы электр розеткасына тығыз тиіп тұруы және оңай қол жетімді жерде орналасуы тиіс.
- Зарядтаудың тиімділігіне кепілдік беретін, Samsung компаниясы бекіткен зарядтау құрылғысын пайдалану ұсынылады.
- Аккумулятордың заряды толық таусылса, құрылғыны зарядтау құрылғысына қосқаннан кейін бірден қосу мүмкін емес. Құрылғыны қосу үшін аккумулятор аздап зарядталғанша бірнеше минут күту керек.
- Бірнеше қолданбаны бір уақытта, сондай-ақ басқа құрылғылармен байланыс қажет ететін қолданбаларды пайдаланған кезде аккумулятор жылдамырақ разрядталады. Деректерді беру кезінде аккумулятордың заряды таусылмауы үшін бұл қолданбаларды әрқашан аккумулятор толық зарядталған кезде іске қосыңыз.
- Егер зарядтау зарядтау құрылғысынан емес, мысалы, ДК-ден жүргізілсе, электр тогының күші аз болғандықтан аккумуляторды зарядтауға көбірек уақыт қажет болуы мүмкін.
- Аккумуляторды зарядтау кезінде құрылғыны пайдалануға болады, бірақ бұл зарядтау процесін баяулатады.
- Зарядтау кезінде қуат көзі тұрақсыз жұмыс істесе, құрылғы экраны жанасуға жауап бермеуі мүмкін. Бұл жағдайда зарядтау құрылғысын құрылғыңыздан ажыратыңыз.

- Зарядтау кезінде құрылғы мен зарядтау құрылғысы қызуы мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс, ол құрылғының өнімділігі мен қызмет мерзіміне әсер етпейді. Аккумулятор әдеттегіден көбірек қызса, зарядтау құрылғысы жұмысын тоқтатуы мүмкін.
- Құрылғы дұрыс зарядталмаса, оны зарядтау құрылғысымен бірге Samsung қызмет көрсету орталығына немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығына апарыңыз.

nano-SIM картасы

Байланыс операторынан алынған nano-SIM картасын салыңыз.

Бір құрылғыда екі телефон нөмірін немесе байланыс операторын пайдалану үшін екі nano-SIM картасын орнатуға болады.

- Желіге қосылуды қажет ететін кейбір қызметтердің қолжетімділігі байланыс операторына байланысты.
- Кейбір жерлерде құрылғыға бір картаның орнына екі nano-SIM картасы орнатылған жағдайда деректерді беру жылдамдығы төмен болуы мүмкін.

nano-SIM картасын орнату



1 Науаны ашу үшін шығарып алуға арналған түйреуішті ұяның тесігіне салыңыз.

2 Науаны тиісті қосқыштан абайлап шығарыңыз.

3 nano-SIM картасын науаға алтын түсті түйіспелерімен төмен қаратып қойып, nano-SIM картасын ұяға соңына дейін абайлап итеріңіз.

4 Науаны тиісті ұяға кері салыңыз.

- Тек nano-SIM пішіміндегі картаны пайдаланыңыз.
- nano-SIM картасын жоғалтпаңыз және оны басқаларға пайдалануға бермеңіз. Samsung компаниясы картаның жоғалуынан немесе ұрлануынан туындаған зақым немесе ыңғайсыздық үшін жауапты емес.
- Шығарып алуға арналған түйреуіштің тесікке перпендикуляр орналасқанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе, құрылғыны зақымдауға болады.
- nano-SIM картасы тиісті түрде бекітілмесе, ол ұядан түсіп қалуы мүмкін.
- Құрылғыға дымқыл науа салынса, бұл құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін. Ұяның құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыға сұйықтық түсуіне жол бермеу үшін науаны қосқышқа толық салыңыз.

SIM карталарының менеджері

Баптаулар тармағын ашып, Қосылымдар → SIM карталарының менеджері тармағын таңдаңыз.

- SIM карталары : nano-SIM картасын белсендіру және оның баптауларын өзгерту.
- Басым SIM карталары : екі карта белсендірілген кезде дауыстық қоңыраулар сияқты кейбір функцияларды пайдалану үшін белгілі бір SIM карталарын таңдау.
- Деректерді ауыстыру : қалаулы SIM картасы желіге қосыла алмаса, деректер қызметтері үшін басқа SIM картасын пайдалану.

  Бұл функцияны пайдаланғаны үшін қосымша ақы алынуы мүмкін.

- SIM қосымша баптаулары : қосымша баптауларды өзгерту.

microSD жад картасы

SD картасын салу

Құрылғыларға байланысты SD картасының сыйымдылығы әртүрлі болуы мүмкін. SD картасының өндірушісі мен түріне байланысты ол құрылғыңызбен үйлеспеуі мүмкін. Құрылғыңыз үшін SD картасының ең үлкен сыйымдылығын білу үшін Samsung веб-сайтына кіріңіз.



1 Науаны ашу үшін шығарып алуға арналған түйреуішті ұяның тесігіне салыңыз.

2 Науаны тиісті қосқыштан абайлап шығарыңыз.

3 SD картасын науаға алтын түсті түйіспелерімен төмен қаратып қойып, SD картасын ұяға соңына дейін абайлап итеріңіз.

4 Науаны тиісті ұяға кері салыңыз.

- Тек microSD жад картасын пайдаланыңыз.
- Кейбір SD карталары құрылғыңызбен толық үйлеспеуі мүмкін. Үйлесімсіз картаны пайдалану құрылғының, SD картасының немесе онда сақталған деректердің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

- SD картасын дұрыс жағымен жоғары қаратып, абайлап салыңыз.
- Шығарып алуға арналған түйреуіштің тесікке перпендикуляр орналасқанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе, құрылғыны зақымдауға болады.
- Ұяны құрылғыдан шығарған кезде мобильдік деректер беру өшіріледі.
- SD картасы науаға тиісті түрде салынбаса, ол түсіп қалуы мүмкін.
- Құрылғыға дымқыл науа салынса, бұл құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін. Ұяның құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыға сұйықтық түсуіне жол бермеу үшін науаны қосқышқа толық салыңыз.

- Құрылғы FAT және exFAT файлдық жүйелері бар SD карталарын қолдайды. Басқа файлдық жүйесі бар карта салынғанда, құрылғы картаны қайта форматтауды ұсынады немесе оны жай ғана танымайды. SD картасын пайдалану үшін оны форматтау қажет. Құрылғы SD картасын форматтай алмаса немесе тани алмаса, SD картасының өндірушісіне, Samsung қызмет көрсету орталығына немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Деректерді жиі жазу/жою SD картасының қызмет мерзімін қысқартады.
- SD картасын құрылғыға салғанда, Менің файлдарым → Жад картасы қалтасында SD картасындағы файлдар каталогы пайда болады.

SD картасын шығарып алу

SD картасын шығарып алмас бұрын алдымен қауіпсіз ажыратуды орындаңыз.

1 Баптаулар тармағын ашып, Құрылғыға қызмет көрсету → Жад тармағын таңдаңыз.

2 Жад картасы бетін ашу үшін солға сырғытыңыз.

3 Қосымша параметрлер белгішесін (⋮) түртіп, Шығарып алу тармағын таңдаңыз.

SD картасы немесе USB жинақтағышы сияқты сыртқы жад құрылғысын ақпарат беру кезінде, оған қол жеткізу кезінде және деректер берілгеннен кейін бірден шығарып алмаңыз. Бұл деректердің зақымдалуына немесе жоғалуына, сондай-ақ сыртқы жад құрылғысының немесе телефонның зақымдалуына себеп болуы мүмкін. Samsung компаниясы сыртқы жад құрылғыларын дұрыс пайдаланбау салдарынан туындаған залал, соның ішінде деректердің жоғалуы үшін жауапты емес.

SD картасын форматтау

Компьютерде форматталған SD картасы құрылғымен үйлеспеуі мүмкін. SD картасын құрылғыда форматтаңыз.

1 Баптаулар тармағын ашып, Құрылғыға қызмет көрсету → Жад тармағын таңдаңыз.

2 Жад картасы бетін ашу үшін солға сырғытыңыз.

3 Қосымша параметрлер белгішесін (⋮) түртіп, Форматтау тармағын таңдаңыз.

SD картасын форматтамас бұрын онда сақталған барлық маңызды деректердің сақтық көшірмесін жасау ұсынылады. Өндірушінің кепілдігі пайдаланушы әрекеттерінен туындаған деректердің жоғалуына қолданылмайды.

Құрылғыны қосу және өшіру

Ұшақтар немесе ауруханалар сияқты сымсыз құрылғыларды пайдалануға тыйым салынған жерлерде ескерту тақтайшаларының талаптарын және қызметкерлердің нұсқауларын орындаңыз.

Құрылғыны қосу

Құрылғыны қосу үшін бүйір батырмасын бірнеше секунд басып тұрыңыз.

Құрылғыны өшіру

1 Құрылғыны өшіру үшін бүйір батырмасы мен дыбысты азайту батырмасын бір мезгілде басып тұрыңыз. Сондай-ақ жылдам баптаулар тақтасын ашып, өшіру белгішесін (⏻) түртуге болады.

2 Өшіру → Өшіру тармағын таңдаңыз

Бүйір батырмасын басып тұрғанда құрылғы өшуі үшін Бүйір батырмасының баптаулары → Ұзақ басу → Өшіру мәзірі тармағын таңдаңыз.

Төтенше қоңыраулар және медициналық ақпарат

Төтенше қоңырау шалуға немесе сақталған медициналық ақпаратты көруге болады.

Бүйір батырмасы мен дыбысты азайту батырмасын бір мезгілде басып, оларды ұстап тұрып, Төтенше қоңырау немесе Медициналық мәліметтер тармағын таңдаңыз. Сондай-ақ жылдам баптаулар тақтасын ашып, өшіру белгішесін (⏻) → Төтенше қоңырау немесе Медициналық мәліметтер тармағын түртуге болады.

Медициналық ақпаратты және төтенше байланыс адамдарын басқару үшін Баптаулар тармағын ашып, Төтенше жағдайлар және қауіпсіздік тармағын таңдаңыз.

Бастапқы баптау

Құрылғыны алғаш қосқанда, сондай-ақ баптауларды қалпына келтіргеннен кейін құрылғыны баптау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Бастапқы баптау кезінде Wi-Fi желісіне қосылмау құрылғының кейбір функцияларын баптауға кедергі келтіруі мүмкін.

Желілерді пайдалану

Wi-Fi, Bluetooth немесе мобильдік желі сияқты желілерді пайдалануға болады.

Баптаулар тармағын ашып, Қосылымдар тармағын таңдаңыз, содан кейін қажетті желіні қосу үшін оның ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Мобильдік желі үшін Деректерді пайдалану тармағын таңдап, тиісті функцияны қосу үшін Мобильдік деректер ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Желі пайдаланылмаған кезде оны өшіру үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз.

Кейбір функциялардың қолжетімділігі үлгіге байланысты.

Samsung account

Samsung тіркелгісін пайдаланып, мобильдік құрылғылар, теледидарлар және Samsung веб-сайты арқылы ұсынылатын түрлі Samsung қызметтерін пайдалануға болады.

Samsung тіркелгісі арқылы пайдалануға болатын қызметтер тізімін көру үшін account.samsung.com веб-сайтына өтіңіз.

Баптаулар мәзірін ашып, Galaxy жүйесіне кіріңіз тармағын таңдаңыз. Сондай-ақ Баптаулар тармағын ашып, Тіркелгілер және архивтеу → Тіркелгілерді басқару → Тіркелгі қосу → Samsung account тармағын таңдауға болады.

Samsung тіркелгісінен шыққан жағдайда контактілер немесе оқиғалар сияқты деректеріңіз де құрылғыдан жойылады.

Деректерді алдыңғы құрылғыдан тасымалдау (Smart Switch)

Алдыңғы құрылғыдағы деректерді USB кәбілі арқылы және сымсыз байланыс арқылы тасымалдауға болады. Деректерді сыртқы жад құрылғысынан немесе компьютерден де тасымалдауға болады.

Баптаулар тармағын ашып, Тіркелгілер және архивтеу → Баптау үшін деректерді тасымалдау тармағын таңдаңыз, содан кейін деректерді тасымалдау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Толық ақпарат алу және шектеулерді нақтылау үшін www.samsung.com/smartswitch веб-сайтына кіріңіз.

- Деректерді сыртқы жад құрылғысы арқылы тасымалдау үшін сыртқы жад құрылғысының белгішесін ( ) түртіңіз.
- Тасымалданған деректерді көру үшін қосымша параметрлер белгішесін ( ) → Тасымалдау нәтижесі тармағын түртіңіз.

- Бұл функция кейбір құрылғыларда немесе компьютерлерде қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Samsung компаниясы авторлық құқықтарға жауапкершілікпен қарайды. Тек иесі өзіңіз болып табылатын немесе беруге тиісті құқықтарыңыз бар деректерді ғана тасымалдауға рұқсат етіледі.

Экран функцияларының сипаттамасы

Экранды басқару

- Түрту: экранды түртіңіз.
- Түртіп ұстап тұру: экранды түртіп, шамамен 2 секунд ұстап тұрыңыз.
- Жылжыту: элементті түртіп ұстап тұрыңыз, содан кейін оны экранның қажетті жеріне сүйреңіз.
- Екі рет түрту: экранды екі рет түртіңіз.
- Айналдыру: саусақпен экранды жоғары, төмен, солға немесе оңға сырғытыңыз.
- Саусақтарды жазу және жинау: экранға екі саусақпен тиіп, оларды екі жаққа жазыңыз немесе жинаңыз.

- Экранның басқа электрондық құрылғыларға тиіп тұрмауын қадағалаңыз. Бұл жағдайда пайда болатын электростатикалық разрядтар экранның жұмысында ақаулар тудыруы мүмкін.

- Экранның зақымдалуын болдырмау үшін оған үшкір заттармен тимеңіз және саусақпен немесе басқа заттармен тым қатты баспаңыз.
- Экранның барлығында немесе бір бөлігінде қозғалмайтын кескіндерді ұзақ уақыт пайдаланбау ұсынылады. Әйтпесе, экранда кескіннің із қалдыруы (экранның күйіп қалу әсері) және артефактілер пайда болуы мүмкін.

Құрылғы экран жиектеріне жақын жанасуларды танымауы мүмкін, өйткені олар сенсорлық енгізу аймағынан тыс орналасқан.

Навигация тақтасы (бағдарламалық батырмалар)

Экран қосылғаннан кейін экранның төменгі жағындағы навигация тақтасында бағдарламалық батырмалар пайда болады. Әдепкі бойынша бағдарламалық батырмалар «Соңғылар» батырмасының, «Үй» батырмасының және «Артқа» батырмасының әрекеттерін орындайды. Батырмалардың функциялары қазіргі уақытта пайдаланылатын қолданбаға және пайдалану жағдайларына байланысты өзгеруі мүмкін.

Батырма	Функция
Соңғылар (| ||)	Жақында пайдаланылған қолданбалар тізімін ашу үшін түртіңіз.
Басты экран ( )	• Басты экранға оралу үшін басыңыз. • Іздеу үшін шеңбер функциясын іске қосу үшін түртіп ұстап тұрыңыз. Кескінді не мәтінді түртіңіз немесе шеңбермен белгілеңіз.
Артқа ( )	Алдыңғы экранға оралу үшін түртіңіз.

Навигация тақтасын жасыру

Навигация тақтасын жасырып, файлдарды ашыңыз немесе қолданбаларды кеңірек экранда пайдаланыңыз.

Баптаулар тармағын ашып, Дисплей → Навигация тақтасы → Сырғыту қимылдары тармағын таңдаңыз.

Басты экран және қолданбалар экраны

Басты экран — құрылғының барлық функцияларына қол жеткізудің бастапқы нүктесі. Онда виджеттер, қолданбалардың жылдам пернелері және тағы басқалар орналасады.

Қолданбалар экранында барлық қолданбалардың, соның ішінде жақында орнатылғандардың белгішелері көрсетіледі.

Басты экран мен қолданбалар экраны арасында ауысу

Қолданбалар экранын ашу үшін басты экранда жоғары сырғытыңыз.

Басты экранға оралу үшін қолданбалар экранында экранды жоғары немесе төмен сырғытыңыз. Сондай-ақ «Үй» батырмасын (▢) немесе «Артқа» батырмасын (❮) түртуге болады.



Главный экран Экран приложений

Басты экранға қолданбалар батырмасы қосылған болса, осы батырманы түрту арқылы қолданбалар экранын ашуға болады. Басты экранда бос аймақты түртіп ұстап тұрыңыз, Баптаулар тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Басты экранда қолданбалар экранының батырмасын көрсету ауыстырып-қосқышын түртіңіз. Қолданбалар батырмасы (⋯) басты экранның төменгі жағында пайда болады.

Басты экранды өңдеу

Басты экранды өзгерту баптауларына қол жеткізу үшін басты экранда бос аймақты түртіп ұстап тұрыңыз немесе саусақтарды жинаңыз. Тұсқағазды немесе тақырыпты орнатуға, виджеттер қосуға және тағы басқаға болады.

Сондай-ақ басты экрандағы тақталарды қосуға, жоюға немесе олардың орналасу ретін өзгертуге болады.

- Тақталар қосу: солға сырғытып, бет қосу белгішесін (+) түртіңіз.
- Тақталарды жылжыту: тақталардың алдын ала қарау кескінін жаңа орынға жылжыту.
- Тақталарды жою: тақтадағы жою белгішесін (🗑) түртіңіз.

Басты экранда барлық қолданбаларды көрсету

Құрылғыны жеке қолданбалар экранын пайдаланбай, барлық қолданбаларды басты экранда көрсететіндей етіп баптауға болады. Басты экранда бос аймақты түртіп ұстап тұрыңыз, Баптаулар → Басты экран макеті → Тек басты экран → Қолдану тармағын таңдаңыз.

Элементтерді жылжыту

Элементті жаңа орынға сүйреңіз. Элементті басқа тақтаға жылжыту үшін оны экранның сол жақ немесе оң жақ жиегіне сүйреңіз. Элементті түртіп ұстап тұрып, Таңдау тармағын таңдасаңыз, бірнеше элементті бір мезгілде таңдап, жылжытуға болады.

Қолданбаның таңбашасын басты экранға қосу үшін қолданбалар экранында қажетті элементті түртіп ұстап тұрыңыз, содан кейін Басты экранға қосу тармағын таңдаңыз. Қолданба таңбашасы басты экранға қосылады.

Жиі пайдаланылатын қолданбаларды басты экранның төменгі жағындағы таңбашалар аймағына да жылжытуға болады.

Қалталар жасау

Басты экранда немесе қолданбалар экранында қолданбаны басқа қолданбаның белгішесіне сүйреңіз.

Осылай таңдалған қолданбалары бар жаңа қалта жасалады. Қалта аты тармағын таңдап, қалтаның атауын енгізіңіз.



Бұғаттау экраны

Экранды өшіру және бұғаттау үшін бүйір батырмасын басыңыз. Сонымен қатар құрылғы белгілі бір уақыт бойы пайдаланылмаса, экран автоматты түрде өшеді және бұғатталады.

Экран бұғатын ашу үшін қосулы экранды төмен қарай емес, кез келген басқа бағытта сырғытыңыз.

Экран өшірулі болса, экранды қосу үшін бүйір батырмасын басу керек. Сондай-ақ экранды екі рет түртуге болады.

Таңбашаларды өзгерту

Бұғаттау экранының төменгі таңбашаларын басқа қолданба не функция белгішелеріне өзгертуге болады.

Бұғаттау экранын түртіп ұстап тұрыңыз, таңбаша белгішесін түртіңіз, қажетті қолданбаны немесе функцияны таңдап, содан кейін Дайын тармағын таңдаңыз.

Экранды бұғаттау тәсілін өзгерту

Экранды бұғаттау тәсілін өзгерту үшін Баптаулар тармағын ашып, Бұғаттау экраны → Экранды бұғаттау және биометрия тармағын таңдап, содан кейін бұғаттау тәсілін таңдаңыз.

Экранды бұғаттау әдісі үшін сурет, PIN-код, құпия сөз немесе өз биометриялық деректеріңіз орнатылса, бөтен адамдар қол жеткізе алмауы үшін жеке деректеріңізді қорғай аласыз. Экранды бұғаттау әдісі орнатылғаннан кейін құрылғының бұғатын ашу үшін бұғатты ашу коды қажет болады.

Бұғатты ашу кодын қайта-қайта қате енгізіп, талпыныс саны шегіне жеткен кезде құрылғы зауыттық баптауларға оралатындай етіп баптауға болады. Баптаулар тармағын ашып, Бұғаттау экраны → Қорғаныс бұғаттау параметрлері тармағын таңдаңыз, таңдалған экранды бұғаттау әдісімен экран бұғатын ашыңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Автоматты қалпына келтіру ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Күй белгішелері

Күй белгішелері экранның жоғарғы жағындағы күй жолағында көрсетіледі. Кестеде көрсетілген белгішелер жиірек кездеседі.

Белгіше	Сипаттама
	Жаңа хабарландырулар
	Сигнал жоқ
	Сигнал деңгейі
	Роуминг (үй желісінің қызмет көрсету аймағынан тыс)
	GPRS желісіне қосылым орнатылды
	EDGE желісіне қосылым орнатылды
	UMTS желісіне қосылым орнатылды
	HSDPA желісіне қосылым орнатылды
	HSPA+ желісіне қосылым орнатылды
/	LTE желісіне қосылым орнатылды
	Wi-Fi желісіне қосылым орнатылды
	Bluetooth функциясы қосулы
	Орналасқан жер қызметтері пайдаланылуда
	Қоңырау шалынуда
	Өткізіп алынған қоңырау
	Сигнал қосулы
/	Дыбыссыз режим / Діріл режимі
	Автономды режим қосулы
	Қате орын алды немесе пайдаланушының назары қажет
84 / 84	Аккумуляторды зарядтау / Аккумулятор заряды деңгейі

- Кейбір қолданбаларда күй жолағы экранның жоғарғы жағында көрінбеуі мүмкін. Күй жолағын шығару үшін экранның жоғарғы жағынан төмен қарай тартыңыз.
- Кейбір күй белгішелері тек хабарландыру тақтасын ашқанда көрсетіледі.
- Кейбір хабарландырулар нүктемен белгіленеді.
- Күй белгішелерінің сыртқы көрінісі байланыс операторына немесе үлгіге байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Экран скриншоты

Құрылғыны пайдалану кезінде экран скриншоттарын жасау.

Бүйір батырмасы мен дыбысты азайту батырмасын бір мезгілде басыңыз. Жасалған экран скриншоттарын Галерея қолданбасынан ашуға болады.

Кейбір қолданбалар мен функцияларды пайдаланған кезде экран скриншоттарын жасау мүмкін емес.

Экран скриншоты жасалғаннан кейін экранның төменгі жағындағы құралдар тақтасындағы келесі параметрлерді пайдаланыңыз:

- : ұзын беттегі, мысалы, веб-беттегі көрсетілген және жасырын мазмұнның скриншотын жасау.
- : экран скриншотына жазу немесе сызу не скриншоттың бір бөлігін қию.
- : экран скриншотын басқа пайдаланушыларға жіберу.

Жасалған экран скриншотында параметрлер көрсетілмесе, Баптаулар тармағын ашып, Қосымша функциялар → Экран скриншоттары тармағын таңдап, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Түсіргеннен кейін тақтаны көрсету ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Хабарландыру тақтасы

Жаңа хабарландырулар алынғанда күй жолағында күй белгішелері пайда болады. Толық мәліметтерді көру үшін хабарландыру тақтасын ашыңыз.

Хабарландыру тақтасын ашу үшін экранның жоғарғы жиегінен оң жағына тимей, төмен қарай сырғытыңыз. Хабарландыру тақтасын жабу үшін экранды жоғары сырғытыңыз.



Жылдам баптаулар тақтасы

Әр батырманы басу арқылы белгілі бір функцияларды, мысалы, Wi-Fi немесе Bluetooth қосуға не өшіруге болады. Сондай-ақ мультимедиаларды басқаруға және қосылған құрылғыларды басқару үшін SmartThings қолданбасын пайдалануға болады.

Жылдам баптаулар тақтасын ашу үшін экранның жоғарғы жиегінен оң жағы бойымен төмен қарай сырғытыңыз. Жылдам баптаулар тақтасын жабу үшін экранды жоғары сырғытыңыз.

Қосымша баптауларға қол жеткізу үшін батырманы түртіп ұстап тұрыңыз. Батырмаларды өзгерту үшін өңдеу белгішесін ( ) → Өзгерту тармағын түртіңіз.



Кескін аймаққа немесе үлгіге байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Мәтін енгізу

Хабарлама мәтінін енгізген кезде экранда пернетақта автоматты түрде көрсетіледі.



Кейбір тілдерде мәтін енгізуге қолдау көрсетілмейді. Мәтін енгізу үшін енгізу тілін қолдау көрсетілетін тілдердің біріне өзгерту қажет.

Енгізу тілін өзгерту

Баптаулар белгішесін ( ) → Тілдер және түрлер → Енгізу тілдерін басқару түртіп, тілдерді таңдаңыз. Екі немесе одан көп енгізу тілі таңдалғанда, тіл таңдау белгішесін ( ) түрту арқылы олардың арасында ауысуға болады.

Пернетақта түрін өзгерту үшін баптаулар белгішесін ( ) → Тілдер және түрлер түртіп, тілді таңдаңыз, содан кейін қажетті пернетақта түрін таңдаңыз.

3 x 4 пернетақта орналасуын таңдағанда әр пернеде үш немесе төрт таңба қолжетімді. Таңбаны енгізу үшін қажетті таңба пайда болғанша тиісті пернені басыңыз.

Енгізу тәсілі батырмасын пайдалану

Мәтін енгізу тәсілін навигация тақтасындағы енгізу тәсілі батырмасын түрту арқылы өзгертуге болады.

Навигация тақтасындағы енгізу тәсілі батырмасын өзгерту үшін енгізу тәсілі батырмасын түртіп ұстап тұрыңыз, содан кейін қажетті параметрді таңдаңыз.

- : мәтінді дауыспен енгізу.
- : пернетақтаны ауыстыру.

Навигация тақтасында енгізу тәсілі батырмасы болмаса, Баптаулар тармағын ашып, Жалпы баптаулар → Пернетақта тармағын таңдап, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Навигация тақтасында енгізу тәсілі батырмасын көрсету ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Қолданбалар және функциялар

Қолданбаларды орнату және жою

Қолданбаларды Galaxy Store немесе Google Play дүкенінен сатып алыңыз және жүктеп алыңыз.

Қолданбаларды жою немесе өшіру

Қолданбаны түртіп ұстап тұрыңыз, содан кейін қажетті параметрді таңдаңыз.

- Жою : жүктелген қолданбаларды жою.
- Өшіру : құрылғыдан жою мүмкін емес, әдепкі бойынша орнатылған таңдалған қолданбаларды өшіру.

Кейбір қолданбалар бұл функцияны қолдамайды.

Телефон

Кіріспе

Шығыс дауыстық және бейне қоңыраулар шалу немесе кіріс қоңырауларға жауап беру.

Қоңыраулар шалу

1 Телефон қолданбасын ашып, Теру тармағын таңдаңыз.

2 Телефон нөмірін енгізіңіз.

3 Дауыстық қоңырау шалу үшін дауыстық қоңырау белгішесін ( ), ал бейне қоңырау шалу үшін бейне қоңырау белгішесін ( ) немесе Meet бейне қоңырау белгішесін ( ) түртіңіз.

Қоңыраулар журналынан немесе контактілер тізімінен қоңырау шалу

Телефон қолданбасын ашып, Соңғылар немесе Контактілер тармағын таңдаңыз, содан кейін қоңырау шалу үшін контактіні немесе телефон нөмірін оңға сырғытыңыз.

Бұл функция өшірулі болса, қосымша параметрлер белгішесін ( ) → Баптаулар → Қоңыраудың басқа параметрлері тармағын түртіңіз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Қоңыраулар мен хабарламаларға арналған қимылдар ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Жылдам теру функциясын пайдалану

Жылдам теру нөмірін орнату үшін Телефон қолданбасын ашып, Теру тармағын таңдаңыз → қосымша параметрлер белгішесін (⋮) → Жылдам теру тармағын түртіңіз, жылдам теру үшін нөмірді таңдаңыз, содан кейін телефон нөмірін қосыңыз.

Қоңырау шалу үшін пернетақтада жылдам теру нөмірін түртіп ұстап тұрыңыз. Жылдам теру нөмірлері 10 және одан көп болса, нөмірдің бірінші цифрын түртіңіз, содан кейін соңғы цифрын түртіп ұстап тұрыңыз.

Мысалы, жылдам теру үшін 123 нөмірі орнатылса, 1 , 2 сандарын түртіңіз, содан кейін 3 түртіп ұстап тұрыңыз.

Халықаралық қоңыраулар

1 Телефон қолданбасын ашып, Теру тармағын таңдаңыз.

2 + таңбасы пайда болғанша 0 түртіп ұстап тұрыңыз.

3 Ел кодын, аймақ кодын және телефон нөмірін енгізіңіз, содан кейін қоңырау белгішесін ( ) түртіңіз.

Кіріс қоңыраулар

Қоңырауға жауап беру

Кіріс қоңырау кезінде жауап беру белгішесін ( ) үлкен шеңберден тыс жерге сүйреңіз.

Қоңырауды қабылдамау

Кіріс қоңырау кезінде қабылдамау белгішесін ( ) үлкен шеңберден тыс жерге сүйреңіз.

Кіріс қоңырауды қабылдамау және қоңырау шалушыға хабарлама жіберу үшін Хабарлама жіберу жолын жоғары сырғытып, жіберілетін хабарламаны таңдаңыз. Еске салғыш белгішесін ( ) түртіп, хабарлама жіберсеңіз, бір сағаттан кейін еске салу пайда болады.

Қоңыраулар қабылдамаған кезде жіберілетін түрлі хабарламалар жасау үшін Телефон қолданбасын ашып, қосымша параметрлер белгішесін (⋮) → Баптаулар → Жылдам жауаптар тармағын түртіңіз. Қосу белгішесін (+) түртіп, хабарлама мәтінін енгізіңіз және Сақтау тармағын таңдаңыз.

Сөйлесу кезінде құрылғыға екінші кіріс қоңырау түссе, экран автоматты түрде қосылады.

Телефон нөмірлерін бұғаттау

Бұғаттау тізіміне қосылған нақты нөмірлерден келетін қоңырауларды бұғаттау.

Телефон қолданбасын ашып, қосымша параметрлер белгішесін (⋮) → Баптаулар → Нөмірлерді бұғаттау тармағын түртіңіз, содан кейін оларды бұғатталғандар тізіміне сақтау үшін контактілерді немесе телефон нөмірлерін таңдаңыз.

Бұғатталған нөмірлер сізге хабарласуға әрекеттенсе, мұндай қоңыраулар туралы хабарландырулар алынбайды. Қоңыраулар қоңыраулар журналына жазылады.

Сондай-ақ нөмірлері анықталмайтын абоненттерден келетін кіріс қоңырауларды бұғаттауға болады. Тиісті функцияны қосу үшін Белгісіз нөмірлерден келетін қоңырауларды бұғаттау тармағын таңдаңыз.

Қоңырау кезіндегі мүмкіндіктер

- : бейне қоңырауға ауысу.
- Қоңырау қосу : екінші қоңырау шалу. Бірінші қоңырау ұстап тұру режиміне ауыстырылады. Екінші қоңырау аяқталғаннан кейін бірінші қоңырау жалғасады.
- Қоңырауды ұстап тұру : қоңырауды ұстап тұру.
- Дыбыссыз : микрофонды өшіру (бұл кезде әңгімелесуші сізді естімейді).
- Bluetooth : құрылғыға қосылған болса, Bluetooth гарнитурасына ауысу.
- Динамик : спикерфонды өшіру немесе қосу. Спикерфонды пайдаланған кезде құрылғыны құлақтан біршама қашықтықта ұстаңыз.
- Пернетақта / Жасыру : пернетақтаны ашу немесе жабу.
- Опциялар : қосымша функцияларды пайдалану.
- : ағымдағы қоңырауды аяқтау.
- : бейне қоңырау кезінде аудио қоңырауға ауысу.
- : бейне қоңырау кезінде экранды бұғаттау.
- Әсерлер : бейне қоңырау кезінде экран көрінісін өзгерту.
- : бейне қоңырау кезінде экранның жақтарының арақатынасын өзгерту.
- Камера : бейне қоңырау кезінде камераны өшіру (бұл кезде әңгімелесуші сізді көрмейді).
- Ауыстыру : бейне қоңырау кезінде алдыңғы және негізгі камералар арасында ауысу.

Кейбір функциялардың қолжетімділігі байланыс операторына немесе үлгіге байланысты.

Контактілер

Жаңа контактілер жасау немесе құрылғыда сақталған контактілерді басқару.

Контактілер қолданбасын ашыңыз.

- Жаңа контакт қосу үшін жасау белгішесін (+) түртіңіз.
- Контактілерді жою үшін жойылатын контактіні түртіп ұстап тұрыңыз, содан кейін Жою тармағын таңдаңыз.
- Қайталанатын контактілерді біріктіру немесе контактілерді басқару үшін қосымша параметрлер белгішесін (⋮) → Баптаулар тармағын түртіңіз.

Камера

Кіріспе

Түрлі режимдер мен баптауларды пайдаланып, фото және бейне түсіріңіз.

Фото түсіру

1 Камера қолданбасын ашыңыз.

2 Көрініс іздегіш экранында камера фокус жасауы тиіс кескін фрагментін түртіңіз.

- Көрініс іздегіш экранында жоғары немесе төмен сырғытыңыз не автопортрет түсіру үшін алдыңғы камераға ауысу белгішесін ( ) түртіңіз.
- Негізгі камерамен түсіру кезінде зумды пайдалану үшін алдын ала қарау экранында зумның тиісті дәрежесі белгішесін таңдаңыз.
- Кескіндердің жарықтығын реттеу үшін дөңгелек жақтаудың үстінде немесе астында орналасқан реттеу жүгірткісін сүйреңіз.

3 Суретке түсіру үшін фото түсіру белгішесін (◯) түртіңіз.



- Көрініс іздегіш экранының мазмұны таңдалған түсіру режиміне және пайдаланылатын камераға байланысты.
- Түсірілетін нысан тым жақын болса, фокус анық болмауы мүмкін. Фото және бейнені жеткілікті қашықтықтан түсіріңіз.
- Фотосуреттер анық емес болып көрінсе, камера объективін сүртіп, қайтадан түсіріп көріңіз.

- Объективтің зақымдалмағанына және былғанбағанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе, құрылғы жоғары ажыратымдылықпен түсіру режимдерінде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Құрылғы камерасы кең бұрышты объективпен жабдықталған. Кең бұрышпен фото немесе бейне түсіру кезінде шамалы бұрмалаулар болуы мүмкін, олар құрылғының жұмысында ақаулар туындағанын білдірмейді.
- Қоршаған ауа температурасы кенеттен өзгергенде, камераның ішіндегі және қоршаған ортадағы температура айырмашылығына байланысты камера лайланып кетуі немесе оның ішінде конденсат пайда болуы мүмкін. Камераны пайдаланған кезде мұны ескеріңіз. Мұндай жағдайда фото түсірмес бұрын немесе бейне жазбас бұрын камераны табиғи бөлме температурасы жағдайында қалдырыңыз, әйтпесе фотосуреттер мен бейнежазбалар бұлыңғыр болуы мүмкін.

Камера батырмасы

- Бейне жазу үшін камера батырмасын түртіп ұстап тұрыңыз.
- Камера батырмасын бұғаттау белгішесіне ( ) сүйреп апарсаңыз, батырманы ұстап тұрмай-ақ бейне жазуға болады.
- Тізбектей түсіру үшін камера батырмасын экран жиегіне қарай сырғытып, ұстап тұрыңыз.
- Басқа камера батырмасын қоссаңыз, оны түсіруге ыңғайлы болу үшін экранның кез келген аймағына жылжытуға болады. Алдын ала қарау экранында жылдам басқару функциялары белгішесін ( ) → баптаулар белгішесін ( ) → Түсіру тәсілдері түртіп, тиісті функцияны қосу үшін Қалқымалы батырма ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Бейне түсіру

1 Камера қолданбасын ашыңыз.

2 Түсіру режимдері тізімінде БЕЙНЕЖАЗБА тармағын таңдап, содан кейін жазуды бастау белгішесін ( ) түртіңіз.
Бейне жазу кезінде кадр түсіру үшін түсіру белгішесін ( ) түртіңіз.

3 Бейне жазуды тоқтату үшін жазуды тоқтату белгішесін ( ) түртіңіз.

Түсіру режимдері

Түсіру режимін өзгерту үшін түсіру режимдері тізімін солға немесе оңға сырғытыңыз не алдын ала қарау экранын солға немесе оңға сырғытыңыз. Түрлі түсіру режимдеріне қол жеткізу үшін ТАҒЫ тармағын таңдаңыз.

- ПОРТРЕТ : артқы планы бұлыңғыр, ал түсірілетін нысан назарда болатын суреттер түсіруге мүмкіндік береді.
- ПРО : экспозиция мәні және ISO мәні сияқты түрлі түсіру параметрлерін қолмен баптау мүмкіндігімен фото түсіру.
- ТҮН : жарық жеткіліксіз жағдайларда жарқылсыз фото түсіріңіз.
- ТАМАҚ : тағамдардың суреттерін неғұрлым жарқын түстермен жасаңыз.
- ПАНОРАМА : бір панорамалық сурет жасау үшін фотосуреттер сериясын түсіріп, оларды кейін біріктіру.
- БАЯУ ТҮСІРУ : бейнені кейін баяу түсіру режимінде көру үшін жазыңыз.
- ГИПЕРЛАПС : қозғалып жүрген адамдар немесе өтіп бара жатқан көліктер сияқты көріністерді жазып, оларды жылдамдатылған ойнату бейнежазбалары ретінде көріңіз.

Түсіру режимдері тізімін өзгерту үшін тізімде ТАҒЫ тармағын таңдап, Өзгерту тармағын таңдаңыз, содан кейін түсіру режимдерін қажетті орынға сүйреңіз.

Ағымдағы түсіру режимінің баптаулары

Көрініс іздегіш экранында келесі баптаулар қолжетімді.

- : жарқылды қосу немесе өшіру.
- 12M : кескіндерге арналған ажыратымдылықты таңдау.
- : сүзгі әсерін қолдану.
- : ретуш әсерлерін қолдану
- AUTO : гиперлапс режимінде бейнеге арналған кадр жиілігін таңдау.
- FHD 30 : бейнежазбаларға арналған ажыратымдылықты таңдау.
- : экспозамер әдісін таңдау. Бұл баптау жарық қарқындылығын өлшеу тәсілін анықтайды. Орталыққа бағытталған өлшеу ( ) — суреттің экспозициясы кадр орталықтағы жарық деңгейі бойынша анықталады. Матрицалық өлшеу ( ) — кадр жарығының орташа мәні өлшенеді. Нүктелік өлшеу ( ) — суреттің экспозициясы кадрдың белгілі бір орталық нүктесіндегі жарықтандыру деңгейіне негізделіп анықталады.
- : ТАМАҚ режимінде камера жақтаудың ішіндегі нысанға фокус жасайды, ал жақтаудың сыртындағы кескін бұлыңғырланады.
- : бұл функция тек жарық аз жағдайларда көрсетіледі. Түнгі түсіру функциясын қосу немесе өшіру.
- : алдыңғы камерамен түсіру кезінде пейзаждарды немесе адамдарды кең бұрышпен түсіруге ауысу.
- : ПОРТРЕТ режимінде бұлыңғырлану дәрежесін реттеу үшін артқы планның бұлыңғырлануын реттеу жүгірткісін жылжытыңыз.

Қосымша түсіру параметрлерін пайдалану үшін жылдам басқару функциялары белгішесін ( ) түртіңіз.

- : камера параметрлерін баптау.
- : камера автоматты түрде суретке түсірер алдында кідіріс аралығын таңдау.
- 3:4 : фотосуреттердің қабырғалар арақатынасын таңдау.
- 9:16 : бейнежазбаның қабырғалар арақатынасын таңдау.
- : ПРО режимінде түс реңкін таңдап, оның қарқындылығын реттеңіз.
- : ТАМАҚ режимінде түс температурасын түзету
- : гиперлапс режимінде бейне жазу уақытын өзгерту.

Қолжетімді параметрлер үлгіге немесе түсіру режиміне байланысты.

Камера параметрлерін баптау

Алдын ала қарау экранында жылдам басқару функциялары белгішесін ( ) → баптаулар белгішесін ( ) түртіп, камера параметрлерін баптаңыз. Толық ақпаратты камера баптауларындағы әр мәзір тармағының сипаттамасынан қараңыз.

Галерея

Кіріспе

Құрылғыда сақталған кескіндер мен бейнелерді қараңыз. Сондай-ақ кескіндер мен бейнелерді альбомдар бойынша топтастыруға немесе әңгімелер жасауға болады.

Суреттерді қарау

Галерея қолданбасын ашып, кескінді таңдаңыз. Басқа файлдарды көру үшін экранды солға немесе оңға сырғытыңыз.



Сондай-ақ екі саусақты екі жаққа жазу арқылы кескінді үлкейтіп, қажетті аймақты қиюға болады.

Бейнежазбаларды көру

Галерея қолданбасын ашып, көру үшін бейнежазбаны таңдаңыз. Басқа файлдарды көру үшін экранды солға немесе оңға сырғытыңыз.

Ойнату кезінде басқа параметрлерді пайдалану үшін Бейнені ойнату белгішесін түртіңіз.



Жарықтықты реттеу үшін ойнату экранының сол жағынан жоғары немесе төмен сырғытыңыз немесе дыбыс деңгейін реттеу үшін ойнату экранының оң жағынан жоғары немесе төмен сырғытыңыз.

Артқа немесе алға айналдыру үшін ойнату экранын солға немесе оңға сырғытыңыз.

Фото және бейнені жою

Галерея қолданбасын ашып, жойылатын кескінді, бейнені немесе альбомды түртіп ұстап тұрыңыз, содан кейін Жою тармағын таңдаңыз. Жойылған кескіндер мен бейнелер уақытша себетке салынады. Файлдар белгілі бір мерзім өткеннен кейін жойылады.

Себеттегі файлдарды ашу үшін Галерея қолданбасын ашып, Мәзір → Себет тармағын таңдаңыз.

Бірнеше терезе

(Бірнеше қолданбаны бір уақытта пайдалану)

Қолданбалар бөлінген экран көрінісінде бір мезгілде іске қосылуы мүмкін, ал бірнеше қолданба қалқымалы терезелерде ашылуы мүмкін.

Кейбір қолданбалар бұл функцияны қолдамайды.



Режим разделенного экрана



Всплывающее окно

Бірнеше терезені іске қосу

- «Соңғылар» батырмасы

  «Соңғылар» батырмасын ( ) түртіңіз, қолданба белгішесін түртіңіз, содан кейін Экранды бөлу немесе Қалқымалы терезеде ашу тармағын таңдаңыз.

- Экран бойымен сырғыту

  Баптаулар тармағын ашып, Қосымша функциялар → Бірнеше терезе режимі тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Бөлінген экран режимі немесе Қалқымалы терезе режимі ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

- Терезелер өлшемін реттеу үшін қолданба терезелерінің арасындағы шеңберлерді ( ) сүйреңіз.
- Қолданба терезелерінің арасындағы шеңберлерді ( ) түртіп, қолданбалар жұбын қосу белгішесін ( ) сүйреңіз. Бөлінген экран режимінде пайдаланылатын қолданбалар қолданбалар жұбы ретінде сақталады.
- Қолданба терезесін жылжыту үшін бірнеше терезе маркерін ( ) жаңа орынға сүйреңіз.
- Бірнеше терезе маркерін ( ) түртсеңіз, қолжетімді мәзірлер пайда болады.

Samsung Browser

Ақпарат іздеу үшін интернеттегі веб-беттерді қарап шығыңыз және ыңғайлы қол жеткізу үшін таңдаулы беттерді бетбелгілерге қосыңыз.

Browser қолданбасын ашыңыз.



Samsung Health

Samsung Health қолданбасы денсаулық пен дене шынықтыру күйін бақылауға көмектеседі. Өзіңіздің дене жағдайыңызды жақсарту мақсаттарын қойып, оларға қол жеткізуді бақылаңыз, сондай-ақ жалпы денсаулығыңыз бен дене шынықтыру күйіңізді қадағалаңыз. Сонымен қатар жүрілген қадамдар санын басқа Samsung Health пайдаланушыларының жетістіктерімен салыстыруға және салауатты өмір салты бойынша кеңестер алуға болады.

Health қолданбасын ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін www.samsung.com/samsung-health веб-сайтына кіріңіз.

Samsung Notes

Пернетақтадан мәтін енгізу арқылы, сондай-ақ экранға қолмен жазу немесе сызу арқылы жазбалар жасаңыз. Сонымен қатар жазбаларға кескіндер немесе дыбыс жазбаларын қосуға болады.

Жазбалар жасау

1 Notes қолданбасын ашып, жасау белгішесін ( ) түртіңіз де, жазба жасаңыз.



2 Жазбаны жасап болғаннан кейін жазбаны сақтау үшін «Артқа» батырмасын ( ) түртіңіз.

Жазбаны басқа файл пішімінде сақтау қажет болса, қосымша параметрлер белгішесін ( ) → Басқаша сақтау тармағын түртіңіз.

Жазбаларды жою

Жойылатын жазбаны түртіп, ұстап тұрып, Жою тармағын таңдаңыз.

Жазбаларды синхрондау

Бір Samsung тіркелгісіне кірген болса, жазбаларды барлық құрылғыларда көруге және өңдеуге болады.

Notes қолданбасын ашып, навигация тізімі белгішесін ( ) → баптаулар белгішесін ( ) түртіңіз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Samsung Cloud-пен синхрондау ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Samsung Members

Samsung Members қолданбасы құрылғылардағы ақауларды диагностикалау сияқты сатып алушыларды қолдау қызметтерін ұсынады және пайдаланушыларға сұрақтар мен қателер туралы есептерді жіберуге мүмкіндік береді. Оның көмегімен Galaxy құрылғыларын пайдаланушылар қоғамдастығының басқа мүшелерімен ақпарат алмасуға немесе ең соңғы жаңалықтар мен кеңестерді алуға да болады. Samsung Members қолданбасы пайдаланушыға құрылғыны пайдалану барысында туындауы мүмкін кез келген мәселелерді шешуге көмектеседі.

Members қолданбасын ашыңыз.

Басқа Samsung қолданбаларын пайдалану кезінде сұрақтар туындаса, қолданба баптаулары мәзіріне өтіп, «Бізге хабарласыңыз» тармағын таңдаңыз.

- Ашу : Samsung компаниясынан ресми ақпаратты, соның ішінде Galaxy құрылғыларын шығару туралы ақпаратты және жаңалықтар таратылымдарын алуға болады.
- Қоғамдастық : басқа Galaxy пайдаланушыларымен түрлі тақырыптар бойынша қарым-қатынас жасауға және олармен ақпарат алмасуға болады.
- Қолдау : құрылғының дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеруге көмектесетін кері байланыс немесе телефон арқылы диагностика сияқты сатып алушыларды қолдау қызметтерін пайдалануға болады.

Қолжетімді функциялар құрылғының бағдарламалық жасақтамасының нұсқасына, қолданба нұсқасына немесе құрылғы үлгісіне байланысты.

Samsung Kids

Балалардың белгілі бір қолданбаларға қол жеткізуін шектеуге, пайдалану уақытын белгілеуге және балалар құрылғыны қауіпсіз ортада пайдаланудан ләззат алуы үшін баптауларды өзгертуге болады.

Баптаулар → Қолданбалар → Samsung Kids → Ашу тармағын таңдаңыз. Samsung Kids алғаш іске қосылғанда немесе баптауларды қалпына келтіргеннен кейін баптауды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Samsung Kids экранында қажетті қолданбаларды таңдаңыз.

Таңдалған бұғаттау әдісі мен жасалған PIN-код Ата-аналық бақылау функциясын қосқанда немесе Samsung Kids қолданбасын жапқанда пайдаланылады.

Ата-аналық бақылау функцияларын пайдалану

Samsung Kids баптауларын өзгертуге және пайдалану тарихын көруге болады.

Samsung Kids экранында қосымша параметрлер белгішесін (⋮) → Ата-аналық бақылау тармағын түртіңіз де, бұғатты ашу кодын енгізіңіз.

Samsung Global Goals

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 2015 жылы белгілеген жаһандық мақсаттар орнықты дамитын қоғам құруға ұмтылудан тұрады. Бұл мақсаттар кедейлікті жоюға, теңсіздікті жеңуге және климаттық өзгерістерді тоқтатуға қабілетті.

Жаһандық мақсаттар туралы көбірек біліп, Samsung Global Goals қолданбасымен жақсы болашақ үшін қозғалысқа қосылыңыз.

Samsung Find

Құрылғыны желіге қосылмаған болса да табуға болады. Сондай-ақ орналасқан жеріңізбен таңдалған адамдармен бөлісуге болады.

Find қолданбасын ашыңыз.

Samsung Shop

Samsung Shop — Samsung компаниясының мобильдік сатып алу қызметі. Samsung және серіктестердің өнімдері мен қызметтері туралы ұсыныстар немесе ақпарат алыңыз.

Samsung Shop қолданбасын ашыңыз.

Бұл қолданбаның қолжетімділігі байланыс операторына немесе үлгіге байланысты.

Galaxy Store

Қолданбаларды, ойындарды, тақырыптарды немесе ақылы қызметтерді сатып алуға не жүктеуге болады.

Store қолданбасын ашыңыз.

Қолжетімді функциялар құрылғының бағдарламалық жасақтамасының нұсқасына, қолданба нұсқасына немесе құрылғы үлгісіне байланысты.

Мазмұнды сатып алу және жүктеп алу

Мазмұнды санат бойынша табыңыз немесе кілт сөз бойынша іздеу үшін іздеу белгішесін ( ) түртіңіз. Содан кейін қажетті мазмұнды сатып алуға немесе жүктеп алуға болады.

Қолданбалар мен мазмұнды басқару

Galaxy Store экранында Мәзір → Менің қолданбаларым тармағын таңдаңыз. Сатып алынған немесе жүктелген мазмұнды көруге, сондай-ақ құрылғыдан жойылған мазмұнды қайта орнатуға болады.

Қолданбалардың қолжетімді жаңартуларының бар-жоғын тексеру үшін Мәзір → Жаңартулар тармағын таңдаңыз. Жаңарту үшін қажетті қолданбалардың жанындағы жаңарту белгішесін ( ) түртіңіз немесе барлық қолданбаларды бір мезгілде жаңарту үшін Барлығын жаңарту тармағын түртіңіз.

Әдепкі бойынша қолданбалардың автоматты жаңартуы тек Wi-Fi желісіне қосылғанда орындалады. Автоматты жаңарту баптауларын өзгерту үшін Мәзір → баптаулар белгішесі ( ) → Қолданбаларды автоматты жаңарту тармағын таңдап, қажетті параметрді таңдаңыз.

Төлем тәсілдерін қосу және сатып алу тарихын көру

Galaxy Store экранында Мәзір → Төлем тәсілдері тармағын таңдаңыз, содан кейін несие картасы сияқты төлем тәсілін қосыңыз. Тіркелген төлем тәсілін Galaxy Store дүкенінде ақылы мазмұнды сатып алу кезінде пайдалануға болады.

Сатып алу тарихын көру үшін Мәзір → Чектер тармағын таңдаңыз.

Galaxy Wearable

Galaxy Wearable қолданбасы тағылатын құрылғыларды басқаруға мүмкіндік береді. Осы телефонды тағылатын құрылғыға қосқанда оның баптауларын және қолданбалардың баптауларын өзгертуге болады.

Wearable қолданбасын ашыңыз.

Телефонды тағылатын құрылғыға қосу үшін Бастау тармағын таңдаңыз. Баптауды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Тағылатын құрылғыны осы құрылғымен бірге қосу және пайдалану туралы толық ақпаратты тағылатын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Күнтізбе

Күнтізбеге болашақ оқиғаларды енгізу арқылы өз кестеңізді жоспарлау.

Күнтізбе қолданбасын ашып, оқиға қосу белгішесін (+) түртіңіз.

Радио

Радио қолданбасын ашыңыз.

Бұл бағдарламаны пайдаланбас бұрын құрылғыға радиоқабылдағыштың антеннасы қызметін атқаратын құлаққапты қосыңыз.

Бұл қолданбаның қолжетімділігі байланыс операторына немесе үлгіге байланысты.

Динамик арқылы ойнату

Радиоды құлаққап арқылы емес, құрылғының динамигі арқылы тыңдауға болады.

Қосымша параметрлер белгішесін (⋮) → Динамик арқылы ойнату тармағын түртіңіз.

Дыбыс жазу

Дауысты жазыңыз немесе дауыс жазбаларын ойнатыңыз.

Дыбыс жазу қолданбасын ашып, жазу батырмасын ( ) басыңыз, содан кейін жазуды тоқтату белгішесін ( ) түртіңіз.

Менің файлдарым

(Файлдарға қол жеткізу және оларды басқару)

Құрылғыда сақталған файлдарға қол жеткізу және оларды басқару.

Менің файлдарым қолданбасын ашыңыз.

Қажетсіз деректерді табу және құрылғының кірістірілген жадындағы орынды босату үшін Жадты басқару тармағын таңдаңыз.

Сағат

Оятқышты орнату, әлемнің негізгі қалаларындағы ағымдағы уақытты тексеру, уақытты санау немесе таймерді орнату.

Сағат қолданбасын ашыңыз.

Калькулятор

Қарапайым арифметикалық амалдар және ғылыми есептеулер.

Калькулятор қолданбасын ашыңыз.

Gaming Hub

Gaming Hub қолданбасы жүктелген барлық ойындарды бір жерге топтастырады. Түрлі жанрлардағы танымал ойындарды қарап, соңғы үрдістерді қадағалауға болады. Сондай-ақ Instant Plays функциясының көмегімен ойындарды құрылғыға орнатпай-ақ іске қосуға болады.

Gaming Hub қолданбасын ашыңыз.

Қолжетімді функциялар құрылғының бағдарламалық жасақтамасының нұсқасына, қолданба нұсқасына немесе құрылғы үлгісіне байланысты.

Жүктелген ойындарды іске қосу

Google Play және Galaxy Store дүкендерінен жүктелген ойындар Gaming Hub қолданбасының экранында автоматты түрде көрсетіледі.

Gaming Hub экранында қажетті ойынды таңдаңыз.

Қажетті ойындар болмаса, Менің ойындарым → қосымша параметрлер белгішесі (⋮) → Ойындар қосу тармағын таңдаңыз.

Ойындар кезінде жиі пайдаланылатын мазмұнды, мысалы, кескіндерді немесе қолданбаларды бетбелгіге қосу үшін Gaming Hub экранында қосымша параметрлер белгішесін (⋮) → Бетбелгілер → бетбелгі қосу белгішесін (+) түртіңіз.

Ойындарды Instant Plays функциясымен іске қосу

Gaming Hub экранында Instant Plays белгішесімен (⚡) белгіленген ойынды таңдаңыз.

Оқиғаларды көру

Gaming Hub экранында оқиғалар белгішесін (🎁) түртіңіз. Ойындарға байланысты түрлі оқиғалар және Galaxy Store пайдаланушыларына арналған эксклюзивті артықшылықтар туралы хабарландыруларды көруге болады.

SmartThings

Құрылғының көмегімен ақылды техниканы және Заттар интернеті (IoT) құрылғыларын басқаруға болады.

SmartThings қолданбасын ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін Мәзір → Пайдалану тармағын таңдаңыз.

Қосылған құрылғылардың мәселелері мен ақаулары Samsung кепілдігінің қолданылу аясына кірмейді. Қосылған құрылғыларда мәселелер немесе ақаулар туындаған жағдайда, тиісті өндірушілерге хабарласыңыз.

Мазмұнмен бөлісу

Мазмұнды бөлісудің түрлі параметрлері арқылы жіберу. Төменде кескіндермен бөлісу мысалдары көрсетілген.

1 Галерея қолданбасын ашып, кескінді таңдаңыз.

2 Бөлісу белгішесін ( ) түртіп, қажетті бөлісу тәсілін таңдаңыз.

Файлдарды мобильдік желілер арқылы жібергені үшін қосымша ақы алынуы мүмкін.

Жылдам жіберу

Мазмұнмен жақын маңдағы құрылғылармен немесе контактілеріңізбен бөлісіңіз.

1 Басқа құрылғыда Баптаулар тармағын ашып, Қосылған құрылғылар → Жылдам жіберу → Сізге кім қол жеткізе алады → Сіздің құрылғыларыңыз , Контактілер немесе Барлығы → Дайын тармағын таңдаңыз.

2 Галерея қолданбасын ашып, кескінді таңдаңыз.

3 Бөлісу белгішесін ( ) → Жылдам жіберу тармағын түртіңіз, содан кейін кескінді жібергіңіз келетін құрылғыны таңдаңыз.

4 Басқа құрылғыда файлдарды беру сұрауын қабылдаңыз.

Телефонның көрінуін баптау

Телефоныңызды кім таба алатынын және оған мазмұн бере алатынын таңдауға болады.

Баптаулар тармағын ашып, Қосылған құрылғылар → Жылдам жіберу → Сізге кім қол жеткізе алады тармағын таңдаңыз.

Google қолданбалары

Google компаниясы көңіл көтеру, әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасау және бизнес үшін түрлі қолданбалар ұсынады. Олардың кейбірін пайдалану үшін Google тіркелгісі қажет болуы мүмкін.

Қолданбалар туралы толық ақпаратты қажетті қолданбаның анықтама мәзірінен алуға болады.

- Chrome : түрлі ақпаратты іздеу және веб-беттерді қарау.
- Gmail : Google Mail қызметі арқылы электрондық пошта хабарламаларын жіберу және алу.
- Карталар : картадан өз орналасқан жеріңізді анықтаңыз, әлем картасынан орындарды іздеңіз және жақын маңдағы түрлі ұйымдардың мекенжайларын қараңыз.
- YT Music : YouTube Music қызметінде түрлі музыка мен бейнелерден ләззат алыңыз. Сондай-ақ құрылғыда сақталған музыка жинақтарын қарап, тыңдауға болады.
- Google TV : Google Play дүкенінен фильмдер мен ТД бағдарламалары сияқты бейнежазбаларды сатып алыңыз немесе жалға алыңыз.
- Drive : мазмұнды бұлттық жадта сақтау, оған кез келген жерден қол жеткізу және басқа пайдаланушылармен бөлісу.
- YouTube : бейнежазбаларды көру немесе жасау және олармен басқа пайдаланушылармен бөлісу.
- Фото : түрлі көздердегі барлық фотосуреттер мен бейнелерді бір жерден іздеңіз, басқарыңыз және өңдеңіз.
- Google : интернеттен немесе құрылғыдан қажетті ақпаратты іздеу.
- Meet : бейне қоңыраулар, бейне кеңестер ұйымдастыру және шақыру бойынша оларға қатысу.
- Хабарламалар : құрылғыңызда немесе компьютеріңізде хабарламалар жіберу және алу, сондай-ақ кескіндер мен бейнелер сияқты түрлі мазмұнмен бөлісу.
- Gemini : ақпарат іздеу, пайдаланушылық кескіндер жасау немесе мазмұн жазу сияқты түрлі функцияларды пайдалану үшін Gemini-мен сөйлесу.

Кейбір қолданбалардың қолжетімділігі байланыс операторына немесе үлгіге байланысты.

Баптаулар

Кіріспе

Құрылғы баптауларын өзгертуге болады.

Қолданбалар экранында Баптаулар тармағын таңдаңыз. Сондай-ақ жылдам баптаулар тақтасын ашып, баптаулар белгішесін ( ) түртуге болады.

Galaxy жүйесіне кіріңіз

Samsung тіркелгіңізге кіріп, оны басқарыңыз.

Баптаулар экранында Galaxy жүйесіне кіріңіз тармағын таңдаңыз.

Қосылымдар

Параметрлер

Wi-Fi және Bluetooth сияқты түрлі қосылымдардың баптауларын өзгертіңіз.

Баптаулар экранында Қосылымдар тармағын таңдаңыз.

- Wi-Fi : Wi-Fi желісіне қосылу және интернетке және басқа желілік құрылғыларға қол жеткізу үшін Wi-Fi функциясын қосыңыз. Толық ақпаратты Wi-Fi бөлімінен қараңыз.
- Bluetooth : Bluetooth байланысының арқасында Bluetooth технологиясын қолдайтын басқа құрылғылармен деректер мен медиафайлдарды алмасуға болады. Толық ақпаратты Bluetooth бөлімінен қараңыз.
- Ұшақ режимі : құрылғының барлық сымсыз функцияларын өшіру. Құрылғының тек желіге қатысы жоқ функцияларын ғана пайдалануға болады.

  Авиакомпания ережелері мен әуе кемесі экипажының нұсқауларын сақтаңыз. Мобильдік құрылғыны пайдалануға рұқсат етілген жағдайларда оны әрқашан автономды режимде пайдаланыңыз.

- SIM карталарының менеджері : пайдаланылатын SIM карталарын белсендіріп, олардың әрқайсысын баптаңыз. Толық ақпаратты SIM карталарының менеджері бөлімінен қараңыз.
- Мобильдік желілер : мобильдік желілер параметрлерін баптау.
- Деректерді пайдалану : деректерді пайдалануды бақылау және оларды пайдалануды шектеу параметрлерін баптау. Пайдаланылған мобильдік деректер көлемінің көрсетілген шегінен асып кеткен жағдайда мобильдік деректер берудің автоматты түрде өшірілуі.

  Фондық режимде жұмыс істейтін кейбір қолданбалар деректерді бермеуі және қабылдамауы үшін деректерді үнемдеу функциясын қосуға болады.

  Қолданбаларды тек Wi-Fi қосылымын, тек мобильдік деректерді немесе екеуін де пайдаланатындай етіп баптауға болады.
- Мобильдік кіру нүктесі және модем : басқа құрылғыларға телефонның мобильдік қосылымына қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін телефонды мобильдік кіру нүктесі ретінде пайдаланыңыз. Мобильдік кіру нүктесі туралы қосымша ақпарат алу үшін Мобильдік кіру нүктесі бөлімін қараңыз.

  Бұл функцияны пайдаланғаны үшін қосымша ақы алынуы мүмкін.
- Басқа баптаулар : жақын маңдағы құрылғыларды іздеу және құжаттарды басып шығару үшін принтерге қосылу сияқты басқа қосылым функцияларын баптаңыз.

Кейбір функциялардың қолжетімділігі үлгіге байланысты.

Wi-Fi

Wi-Fi желісіне қосылу және интернетке және басқа желілік құрылғыларға қол жеткізу үшін Wi-Fi функциясын қосыңыз.

Wi-Fi желісіне қосылу

1 Баптаулар экранында Қосылымдар → Wi-Fi тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз.

2 Wi-Fi желілері тізімінен қажетті желіні таңдаңыз.

Құлып белгішесі бар желілерге қосылу үшін құпия сөз қажет.

- Құрылғы Wi-Fi желісіне қосылғаннан кейін, бұл желі қолжетімді болған сайын, ол құпия сөз сұрамай-ақ осы желіге автоматты түрде қосылады. Құрылғы желіден автоматты түрде ажыратылмауы үшін желінің жанындағы баптаулар белгішесін ( ) түртіңіз, содан кейін тиісті функцияны өшіру үшін Автоматты түрде қосылу ауыстырып-қосқышын түртіңіз.
- Wi-Fi желісіне дұрыс қосылу мүмкін болмаса, құрылғыдағы Wi-Fi функциясын немесе сымсыз маршрутизаторды қайта іске қосыңыз.

Wi-Fi Direct

Wi-Fi Direct технологиясының көмегімен құрылғыларды кіру нүктесінсіз Wi-Fi желісі арқылы бір-біріне тікелей қосуға болады.

1 Баптаулар экранында Қосылымдар → Wi-Fi тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз.

2 Қосымша параметрлер белгішесін (⋮) → Wi-Fi Direct тармағын түртіңіз.

Табылған құрылғылар тізімі пайда болады.

Қосылатын құрылғы тізімде болмаса, онда Wi-Fi Direct функциясын қосу қажет.

3 Қосылатын құрылғыны таңдаңыз.

Құрылғылар арасындағы қосылым екінші құрылғыда Wi-Fi Direct арқылы қосылу сұрауы қабылданғанда орнатылады.

Құрылғыға қосылымды аяқтау үшін тізімнен ажыратылатын құрылғыны таңдаңыз.

Bluetooth

Bluetooth байланысының арқасында Bluetooth технологиясын қолдайтын басқа құрылғылармен деректер мен медиафайлдарды алмасуға болады. Құрылғы басқа құрылғыға қосылғаннан кейін, бұл құрылғы қолжетімді болған сайын, ол растауды сұрамай-ақ оған автоматты түрде қосылады.

Басқа Bluetooth құрылғыларына қосылу

1 Баптаулар экранында Қосылымдар → Bluetooth тармағын таңдаңыз, содан кейін ауыстырып-қосқышты түртіп, тиісті функцияны қосыңыз.

Табылған құрылғылар тізімі пайда болады.

2 Жұптастырылатын құрылғыны таңдаңыз.

Қосылатын құрылғы тізімде болмаса, құрылғыны Bluetooth жұптастыру режиміне ауыстырыңыз.

Басқа құрылғылар Bluetooth баптауларының экраны жабылғанша телефоныңызды таба алады.

3 Растау үшін телефоныңызда Bluetooth арқылы қосылу сұрауын қабылдаңыз.

Құрылғылар арасындағы қосылым екінші құрылғыда Bluetooth арқылы қосылу сұрауы қабылданғанда орнатылады.

Құрылғылардың жұптасуын болдырмау үшін құрылғы атының жанындағы баптаулар белгішесін (⚙) түртіңіз, жұптасуын болдырмау керек құрылғыны таңдаңыз, содан кейін Қосылымды ажырату тармағын таңдаңыз.

Bluetooth пайдалануға қатысты сақтандырулар

- Samsung компаниясы Bluetooth арқылы жіберілген немесе алынған деректердің жоғалуы, ұсталуы немесе рұқсатсыз пайдаланылуы үшін жауапты емес.
- Деректерді тиісті қауіпсіздік деңгейі бар сенімді құрылғымен алмасып жатқаныңызға көз жеткізіңіз. Құрылғылар арасында кедергілер болса, әрекет ету қашықтығы азаюы мүмкін.
- Кейбір құрылғылар, атап айтқанда, Bluetooth SIG компаниясы сынақтан өткізбеген немесе мұндай сынақтардың нәтижелері бойынша бекітілмеген құрылғылар құрылғымен үйлеспеуі мүмкін.
- Bluetooth байланысын заңсыз мақсаттарда (файлдардың жалған көшірмелерін тарату немесе әңгімелерді коммерциялық мақсатта заңсыз тыңдау сияқты) пайдалануға тыйым салынады. Samsung компаниясы Bluetooth байланысын осылай пайдаланудың салдары үшін жауапты емес.

Мобильдік кіру нүктесі

Басқа құрылғыларға телефоныңыздың мобильдік қосылымына қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін телефонды мобильдік кіру нүктесі ретінде пайдаланыңыз.

1 Баптаулар экранында Қосылымдар → Мобильдік кіру нүктесі және модем → Мобильдік кіру нүктесі тармағын таңдаңыз.

2 Тиісті функцияны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз.

Желі атауын, құпия сөзді және басқа баптауларды өзгертуге болады.

Кіру нүктесінің белгішесі ( ) күй жолағында пайда болады.

3 Басқа құрылғыда Wi-Fi желілері тізімінен телефоныңызды тауып, таңдаңыз.

Сондай-ақ мобильдік кіру нүктесінің экранында QR коды тармағын таңдап, QR кодын басқа құрылғымен сканерлеуге болады.

- Мобильдік кіру нүктесі табылмаса, Жиілік диапазоны параметрі үшін 2.4 ГГц таңдаңыз, Қосымша тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны өшіру үшін Жасырын желі ауыстырып-қосқышын түртіңіз.
- Кіру нүктесінің автоматты режимі функциясын қоссаңыз, телефонның мобильдік деректер қосылымымен Samsung тіркелгісіне кірген басқа құрылғылармен бөлісуге болады.

Қосылған құрылғылар

Құрылғыларды қосу баптауларын өзгерту.

Баптаулар экранында Қосылған құрылғылар тармағын таңдаңыз.

- Жылдам жіберу : жылдам жіберу баптауларын өзгерту. Толық ақпаратты Жылдам жіберу бөлімінен қараңыз.
- Құлаққаптарды автоматты ауыстыру : қоңырау шалу немесе қоңырауға жауап беру, мультимедиа ойнату және басқа жағдайларда Galaxy Buds құлаққаптарын басқа құрылғыдан ағымдағы телефонға ауыстыру. Бұл функция басқа құрылғыда дәл сол Samsung тіркелгісіне кірілген және Galaxy Buds құлаққаптары құлаққа салынған жағдайда ғана жұмыс істейді.
- Басқа құрылғылардағы қоңыраулар мен SMS : осы құрылғыларда телефон нөміріңізден қоңыраулар шалу және хабарламалар жіберу үшін басқа құрылғыларды, мысалы, планшетті телефонға қосыңыз. Қосылған құрылғыларда және телефоныңызда пайдаланылатын Samsung тіркелгісіне кіру қажет. Қоңыраулар мен хабарламалар алмасудың кейбір функциялары қолжетімсіз болуы мүмкін.
- Басқа құрылғыларда жалғастыру : телефонның қолданбалары мен функцияларын Samsung тіркелгісіне кірілген басқа құрылғыларда пайдалану.
- Galaxy Wearable : осы телефонды тағылатын құрылғыға қосқанда оның баптауларын және қолданбалардың баптауларын өзгертуге болады. Толық ақпаратты Galaxy Wearable бөлімінен қараңыз.
- SmartThings : құрылғының көмегімен ақылды техниканы және Заттар интернеті (IoT) құрылғыларын басқаруға болады. Толық ақпаратты SmartThings бөлімінен қараңыз.
- Android Auto : құрылғыны автокөлікке қосу және құрылғының кейбір функцияларын автокөлік дисплейінде басқару.

Кейбір функциялардың қолжетімділігі үлгіге байланысты.

Режимдер және сценарийлер

Режимдер

Ағымдағы әрекетке немесе орналасқан жерге байланысты режимдер қосыңыз. Құрылғы баптаулары әрекетке немесе жағдайға сәйкес өзгереді.

1 Баптаулар экранында Режимдер және сценарийлер → Режимдер тармағын таңдаңыз.

2 Қажетті режимді таңдаңыз немесе өз режимдеріңізді қосу үшін Режим қосу тармағын таңдаңыз.

Режимдер оларға бапталған шарттар анықталған кезде автоматты түрде іске қосылады.

Қажетті режимді қолмен іске қосу үшін оны таңдап, содан кейін Қосу тармағын таңдаңыз. Сондай-ақ жылдам баптаулар тақтасын ашып, Режимдер тармағын таңдап, содан кейін режимді қосу үшін оны таңдауға болады.

Үнемі орындалатын әрекеттерді пайдалану

Қайталанатын күнделікті тапсырмаларды автоматтандырыңыз. Мысалы, дыбыс баптаулары орналасқан жерге байланысты автоматты түрде өзгеруі мүмкін, ойындарға арналған құрылғы баптаулары өзгеруі мүмкін және т.б.

1 Баптаулар экранында Режимдер және сценарийлер → Сценарийлер тармағын таңдаңыз.

2 Жасау белгішесін (+) түртіп, өз үнемі орындалатын әрекеттеріңізді қосыңыз немесе Ашу тармағын таңдап, содан кейін қажетті үнемі орындалатын әрекетті таңдаңыз.

Автоматты үнемі орындалатын әрекеттер оларға бапталған шарттар анықталған кезде іске қосылады.

Іске қосу шарты Қолмен іске қосу деп берілген үнемі орындалатын әрекеттерді іске қосу үшін әрекеттің жанындағы іске қосу белгішесін (▶) түртіңіз.

Дыбыстар мен діріл

Құрылғы дыбыстарының баптауларын басқарыңыз.

Баптаулар экранында Дыбыстар және діріл тармағын таңдаңыз.

- Дыбыс / Діріл / Дыбыссыз : дыбысты ойнату режимін, дірілді қосуды немесе «Дыбыссыз» режимін таңдау.
- Қоңырау кезіндегі діріл : кіріс қоңыраулар кезінде бір мезгілде діріл мен дыбыс режимін таңдау.
- Уақытша өшіру : «Дыбыссыз» режимін белгілі бір уақыт кезеңіне қосу.
- Қоңырау әуені : қоңырау әуенін өзгерту.
- Хабарландыру дыбысы : хабарландыру дыбысын өзгерту.
- Жүйе дыбысы : құрылғыны зарядтау сияқты белгілі бір әрекеттерді орындау үшін пайдаланылатын дыбысты өзгерту.
- Дыбыс деңгейі : құрылғының дыбыс деңгейін реттеу.
- Қоңырау кезіндегі діріл : қоңыраулар кезіндегі діріл баптауларын өзгерту.
- Хабарландыру дірілі : хабарландырулар кезіндегі діріл баптауларын өзгерту.
- Жүйелік діріл : орындалған кезде діріл қосылатын әрекеттерді таңдау және діріл қарқындылығын реттеу.
- Діріл қарқындылығы : діріл қарқындылығын баптау.
- Дыбыс сапасы және әсерлер : құрылғының дыбыс сапасы мен әсерлерін баптаңыз.
- Дыбысты бөлек шығару : мультимедиа файлдарының дыбысын белгілі бір қолданбадан қосылған сыртқы динамикте немесе Bluetooth гарнитурасында ойнатыңыз. Мысалы, навигация қолданбасының дыбысы құрылғы динамигі арқылы, ал музыка тыңдауға арналған қолданбаның дыбысы автокөліктің сыртқы динамигі арқылы ойнатылуы мүмкін.

Кейбір функциялардың қолжетімділігі үлгіге байланысты.

Хабарландырулар

Хабарландыру баптауларын өзгертіңіз.

Баптаулар экранында Хабарландырулар тармағын таңдаңыз.

Дисплей

Дисплей мен басты экран баптауларын өзгертіңіз.

Баптаулар экранында Дисплей тармағын таңдаңыз.

- Ашық / Қараңғы : қараңғы режимді қосу немесе өшіру.
- Күңгірттеу режимінің баптаулары : түнгі режим тәуліктің қараңғы уақытында немесе жарық аз жағдайларда құрылғыны пайдаланған кезде қараңғы тақырыпты қолдану арқылы көзге түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Қараңғы режимді қолдануды кесте бойынша баптауға болады.

  Кейбір қолданбаларда қараңғы тақырып қолданылмауы мүмкін.
- Жарықтық : дисплей жарықтығын реттеу.
- Бейімделгіш жарықтық : құрылғының жарықтық баптауларын бақылауы және оларды ұқсас жарықтандыру жағдайларында автоматты түрде қолдануы.
- Қозғалыс тегістігі : экранды жаңарту жиілігін өзгерту. Жаңарту жиілігі жоғары таңдалғанда экран тегісірек айналдырылады.
- Көзге жайлылық : экрандағы көк жарық мөлшерін шектеу арқылы көздің шаршауын азайту. Бұл функцияны қолдануды кесте бойынша баптауға болады.
- Қаріп өлшемі және стилі : қаріп өлшемі мен стилін өзгертіңіз.
- Экранды масштабтау : экрандағы элементтердің өлшемін өзгерту.
- Камера ойығы : алдыңғы камераны экраннан жасыру.
- Экран күту уақыты : құрылғы дисплейінің жарықтандыруы өшірілетін уақытты орнату.

- Навигация тақтасы : навигация тақтасының баптауларын өзгерту. Толық ақпаратты Навигация тақтасы (бағдарламалық батырмалар) бөлімінен қараңыз.
- Кездейсоқ жанасудан қорғау : қалта немесе сөмке сияқты жарық жеткіліксіз жерлерде экранға тигенде оның қосылуын бұғаттау.
- Сезімталдық : экранда қорғаныс жабындары болғанда экранның жанасуға сезімталдығын арттыру.

- Экран сақтағыш : құрылғыны зарядтау кезінде экран сақтағышты іске қосу.

Кейбір функциялардың қолжетімділігі үлгіге байланысты.

Батарея

Аккумулятордың қолжетімді заряды және құрылғының қалған жұмыс уақыты туралы мәліметтерді қараңыз. Аккумулятор заряды төмен құрылғыларды пайдаланған кезде зарядты үнемдеу үшін энергия үнемдеу функцияларын қосуға болады.

Баптаулар экранында Батарея тармағын таңдаңыз.

- Күнделікті тұтыну : аккумулятор заряды деңгейін және пайдалану тарихын көру.
- Энергия үнемдеу : энергия үнемдеу режимін қосу арқылы аккумулятордан жұмыс уақытын ұзарту.
- Фондық режимдегі шектеулер : жиі пайдаланылмайтын қолданбалардың аккумулятор зарядын пайдалануын шектеу.
- Аккумуляторды қорғау : аккумулятор толық зарядталған кезде зарядтауды тоқтату және максималды зарядты алдын ала белгіленген деңгеймен шектеу.
- Аккумулятор туралы мәліметтер : аккумулятордың күйі туралы ақпаратты көру.
- Зарядтау баптаулары : зарядтау баптауларын өзгерту.
- Экранды автоматты күңгірттеу : аккумулятор заряды белгілі бір деңгейден төмен түскенде экран жарықтығын азайту.

- Құрылғыны пайдаланудың қалған уақыты аккумулятор толық разрядталғанға дейінгі қалған уақытты көрсетеді. Ол құрылғы баптауларына және оны пайдалану жағдайларына байланысты.
- Энергия үнемдеу режимінде жұмыс істейтін кейбір қолданбалардан хабарландырулар келмеуі мүмкін.

Тұсқағаздар және стиль

Басты және бұғатталған экрандардың тұсқағаздарының баптауларын өзгертіңіз.

Баптаулар экранында Тұсқағаздар және стиль тармағын таңдаңыз.

Тақырыптар

Қалаған тақырыпты қолдану арқылы құрылғы экранының сыртқы көрінісін баптаңыз.

Баптаулар экранында Тақырыптар тармағын таңдаңыз. Galaxy Themes экраны пайда болады.

Тақырыптарды, тұсқағаздарды, белгішелерді және басқа элементтерді сатып алыңыз немесе жүктеп алыңыз және оларды құрылғыда қолданыңыз.

Тақырыптарды, тұсқағаздарды және белгішелерді қолдану

Әдепкі стильді немесе бұрын жүктелген стильді қалпына келтіру үшін Galaxy Themes экранында Мәзір → Менің материалдарым тармағын таңдап, қажетті санатты таңдаңыз.

Төлем тәсілдерін қосу және сатып алу тарихын көру

Galaxy Themes экранында Мәзір → Төлем тәсілдері тармағын таңдаңыз, содан кейін несие картасы сияқты төлем тәсілін қосыңыз. Тіркелген төлем тәсілін Galaxy Themes қолданбасында ақылы мазмұнды сатып алу кезінде пайдалануға болады.

Сатып алу тарихын көру үшін Мәзір → Чектер тармағын таңдаңыз.

- Қолжетімді функциялар құрылғының бағдарламалық жасақтамасының нұсқасына, қолданба нұсқасына немесе құрылғы үлгісіне байланысты.
- Тақырып өзгертілген кезде кейбір қолданбалар жабылады, ал сақталмаған деректер жоғалуы мүмкін.

Басты экран

Экранның көрінісі сияқты басты экран баптауларын өзгертіңіз.

Баптаулар экранында Басты экран тармағын таңдаңыз.

Бұғаттау экраны

Бұғаттау экранының баптауларын өзгерту.

Баптаулар экранында Бұғаттау экраны тармағын таңдаңыз.

- Экранды бұғаттау және биометрия : экранды бұғаттау тәсілін өзгерту.
- Кейінге қалдырылған бұғаттау : сенімді орындар немесе құрылғылар анықталған кезде құрылғының бұғатын автоматты түрде ашу.
- Қорғаныс бұғаттау параметрлері : таңдалған бұғаттау тәсілі үшін экранды бұғаттау баптауларын өзгерту.

- Now bar : бұғатталған экранда көрсетілетін элементтерді таңдау.
- Өңдеу үшін ұстап тұру : бұғатталған экранда түртіп ұстап тұрғанда өзгерту параметрлерін көрсету.

- Роумингтегі сағат : бұғатталған экран кезінде сағатта жергілікті және жергілікті уақыт белдеулерінің шығарылуын баптау.
- Байланыс ақпараты : бұғатталған экранда электрондық пошта мекенжайы сияқты байланыс деректерін көрсету.
- Ауысу әсерін көрсету : биометрияны пайдаланып экран бұғатын ашқан кезде көрнекі әсерді көрсету.
- Бұғаттау экраны туралы : бұғаттау экранының нұсқасын көру және құқықтық ақпаратқа қол жеткізу.

- Кейбір функциялардың қолжетімділігі байланыс операторына немесе үлгіге байланысты.
- Қолжетімді параметрлер таңдалған экранды бұғаттау тәсіліне байланысты.

Қауіпсіздік және құпиялылық

Параметрлер

Құрылғының қауіпсіздігі мен құпиялылығының күйін қарап, тиісті баптауларды өзгертіңіз.

Баптаулар экранында Қауіпсіздік және құпиялылық тармағын таңдаңыз.

- Бұғаттау экраны : бұғаттау экранының баптауларын өзгерту.
- Тіркелгі қауіпсіздігі : тіркелгілердің баптауларын өзгерту.
- Жоғалған құрылғыларды қорғау : «Құрылғыны іздеу» функциясын қосу немесе өшіру. Жоғалған немесе ұрланған телефонды бақылау үшін smartthingsfind.samsung.com пайдаланыңыз. Сондай-ақ осы телефонға қосылған тағылатын құрылғылардың орналасқан жерін анықтауға болады. Ұрлық жағдайында бөгде адамдар құрылғыдағы қолданбалар мен деректерге қол жеткізе алмауы үшін Ұрлықтан қорғау функциясын баптаңыз.
- Қолданба қауіпсіздігі : қолданбаларды зиянды БЖ бар-жоғына сканерлеу және құрылғы қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
- Жаңартулар : бағдарламалық жасақтама нұсқасын анықтау және жаңартуларды тексеру.
- Экранды бұғаттау және биометрия : бұғатталған экран мен биометриялық деректердің баптауларын өзгерту. Толық ақпарат алу үшін Бетті тану және Саусақ іздерін тану бөлімдерін қараңыз.

- Автоматты бұғаттау : қауіптер мен басқа да күдікті әрекеттерді бұғаттау арқылы құрылғыны қорғаңыз.
- Басқа қауіпсіздік баптаулары : қосымша қауіпсіздік баптауларын өзгерту. Толық ақпаратты Knox қалтасы бөлімінен қараңыз.
- Соңғы 24 сағатта пайдаланылған рұқсаттар : қолданбаның немесе функцияның рұқсаттарды пайдалану тарихын тексеру.
- Интернеттегі құпиялылықты қорғау : интернетпен өзара әрекеттесу кезіндегі құпиялылық журналын көру және баптауларды өзгерту. Бұл функция Samsung Browser қолданбасын пайдаланған кезде қосылады.
- Басқару элементтері және ескертулер : микрофон және алмасу буфері сияқты функцияларға қол жеткізуді баптау.
- Басқа құпиялылық баптаулары : қосымша құпиялылық параметрлерін баптау.

Кейбір функциялардың қолжетімділігі байланыс операторына немесе үлгіге байланысты.

Бетті тану

Құрылғы бетті тану функциясының көмегімен экран бұғатын ашуға мүмкіндік береді.

Баптаулар экранында Қауіпсіздік және құпиялылық → Экранды бұғаттау және биометрия → Бетті тану тармағын таңдап, бетті тіркеу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Бетке тікелей күн сәулесі түспеуі үшін бетті бөлмеде тіркеген дұрыс.

Бұғатты ашу үшін бұғатталған экранға қараңыз. Бет танылғанда, экран бұғаты қосымша процедураларсыз ашылады. Бет танылмаса, экран бұғатын ашудың алдын ала бапталған тәсілін пайдаланыңыз.

- Экранды бұғаттау әдісі ретінде бет пайдаланылса, құрылғы қосылғаннан кейін экран бұғатын бет бойынша ашу мүмкін емес. Құрылғыны пайдалану үшін экран бұғатын ашуда бет кескінін тіркеу кезінде орнатылған суретті, PIN-кодты немесе құпия сөзді пайдалану қажет. Суретті, PIN-кодты немесе құпия сөзді ұмытпауға тырысыңыз.
- Экранды бұғаттау тәсілі Экран бойымен сырғыту немесе Жоқ сияқты қауіпсіз емес тәсілдерге өзгертілген жағдайда, барлық биометриялық деректер жойылады.
- Бетті тану арқылы экран бұғатын ашу жұмыс істемесе, тіркелген деректерді жою және қайтадан әрекеттеніп көру үшін Бет деректерін жою тармағын таңдаңыз.

Бет бойынша танудағы сақтық шаралары

Құрылғының бұғатын ашу үшін бетті танудың алдында келесі сақтық шараларын сақтаңыз.

- Құрылғы бұғаты оның пайдаланушысының кескініне ұқсас кескін бойынша ашылып кету ықтималдығы бар.
- Бетті тану функциясы сурет, PIN-код немесе құпия сөзді пайдаланумен салыстырғанда қауіпсіздіктің төмен деңгейін қамтамасыз етеді.

Саусақ іздерін тану

Саусақ іздерін тану функциясы жұмыс істеуі үшін саусақ іздері туралы ақпаратты құрылғыда тіркеп, сақтау қажет.

Баптаулар экранында Қауіпсіздік және құпиялылық → Экранды бұғаттау және биометрия → Саусақ іздері тармағын таңдап, саусақ ізін тіркеу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Бұғатталған экранда саусағыңызды саусақ іздерін тану датчигіне қойып, экран бұғатын ашу үшін саусақ ізін сканерлеңіз.

Әрқашан саусақ іздерін тану функциясын қоссаңыз, экран өшірулі кезде саусақ ізі арқылы экран бұғатын ашуға болады.

- Бұл функцияның қолжетімділігі байланыс операторына немесе үлгіге байланысты.
- Саусақ іздерін тану функциясы құрылғыны қорғауды жақсарту үшін әр саусақ ізінің бірегей сипаттамаларын пайдаланады. Екі түрлі саусақ ізін танудағы саусақ іздері датчигі қателігінің ықтималдығы өте төмен. Алайда сирек жағдайларда датчик бір-біріне ұқсас әртүрлі саусақ іздерін бірдей деп тануы мүмкін.

- Экранды бұғаттау әдісі ретінде саусақ ізі пайдаланылса, құрылғы қосылғаннан кейін экран бұғатын саусақ ізі бойынша ашу мүмкін емес. Құрылғыны пайдалану үшін экран бұғатын ашуда саусақ ізін тіркеу кезінде орнатылған суретті, PIN-кодты немесе құпия сөзді пайдалану қажет. Суретті, PIN-кодты немесе құпия сөзді ұмытпауға тырысыңыз.

- Саусақ ізі танылмаса, саусақ ізін тіркеу кезінде белгіленген суретті, PIN-кодты немесе құпия сөзді пайдаланып құрылғының бұғатын ашыңыз, содан кейін оны қайта тіркеңіз. Сурет, PIN-код немесе құпия сөз есіңізге түспесе, құрылғыны алдын ала қалпына келтірмей пайдалану мүмкін болмайды. Samsung бұғатты ашу кодтарын қалпына келтіру мүмкін болмағандықтан туындаған деректердің жоғалуы немесе ыңғайсыздық үшін жауапты емес.

- Экранды бұғаттау тәсілі Экран бойымен сырғыту немесе Жоқ сияқты қауіпсіз емес тәсілдерге өзгертілген жағдайда, барлық биометриялық деректер жойылады.

Саусақ іздерін танудың сапасын жақсарту бойынша кеңестер

Құрылғыда саусақ іздерін сканерлеу кезінде танудың тиімділігіне әсер етуі мүмкін төменде аталған факторларды ескеріңіз:

- Саусақтарда әжімдер немесе тыртықтар болса, құрылғы саусақ іздерін танымауы мүмкін.
- Құрылғы кішкентай немесе жіңішке саусақтардың іздерін танымауы мүмкін.
- Тану сапасын жақсарту үшін құрылғы тануы үшін ең жиі пайдаланылатын саусақ іздерін тіркеңіз.

- Бүйір батырмасына саусақ іздерін тану датчигі кіріктірілген. Саусақ іздерін тану датчигінің тиындар, кілттер және әшекейлер сияқты металл заттармен сызылмағанына немесе зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Саусақ іздерін тану датчигін жабатын аксессуарлар, мысалы, стикерлер саусақ іздерін тану жылдамдығын төмендетуі мүмкін.
- Саусақ іздерін тану датчигі мен саусақтарыңыздың таза әрі құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.
- Саусақ бүгілген болса немесе экранға саусақтың ұшымен тисеңіз, құрылғы саусақ іздерін танымауы мүмкін. Саусақ саусақ іздерін тану датчигінің бүкіл бетін жабуы тиіс.
- Құрғақ ортада құрылғыда статикалық электр пайда болуы мүмкін. Мүмкіндігінше бұл функцияны құрғақ ортада пайдаланбаңыз және статикалық электрді разрядтау үшін алдын ала металл затқа тиіңіз.

Knox қалтасы

Knox қалтасы фотосуреттер мен контактілер сияқты деректеріңіз бен қолданбаларыңызды бөгде адамдардан жасыру арқылы олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Knox қалтасын баптау

Баптаулар экранында Қауіпсіздік және құпиялылық → Басқа қауіпсіздік баптаулары → Knox қалтасы тармағын таңдап, баптауды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Баптау аяқталғаннан кейін қорғалған қалта экраны ашылады, ал қолданбалар экранына «Қорғалған қалта» қолданбасының белгішесі ( ) қосылады.

Қажетті қолданбаны Secure Folder қалтасына қосу үшін қолданбаларды қосу белгішесін (+) түртіңіз. Сондай-ақ қосымша параметрлер белгішесін (⋮) → Файлдар қосу тармағын түртіп, фото және бейне сияқты мазмұнды Secure Folder қалтасына жылжытуға болады.

Samsung тіркелгісі арқылы қорғалған қалтаны бұғаттау түрін қалпына келтіру сұрайтын пайда болған қалқымалы терезеде Рұқсат ету тармағын таңдаңыз. Бұл функция қосылмаған болса, ұмытып қалған бұғаттау түрін қалпына келтіру мүмкін болмайды.

Knox қалтасын жою

Қорғалған қалтаны ондағы барлық деректермен және қолданбалармен бірге жоюға болады.

Knox қалтасы қолданбасын ашып, қосымша параметрлер белгішесін (⋮) → Баптаулар → Қосымша баптаулар → Жою тармағын түртіңіз.

Secure Folder қалтасын пайдаланудағы сақтық шаралары

Knox қалтасы — кірістірілген жадтағы бөлек, қорғалған орын. Қорғалған қалтадағы деректерді USB немесе Wi-Fi Direct сияқты рұқсат етілмеген деректер алмасу тәсілдері арқылы басқа құрылғыларға беру мүмкін емес. Операциялық жүйеге немесе бағдарламалық жасақтамаға өзгерістер енгізуге әрекеттенгенде, Knox қалтасы автоматты түрде бұғатталады және қолжетімсіз болады. Деректерді Knox қалтасында сақтамас бұрын деректердің сақтық көшірмесін басқа қауіпсіз жерде жасау керек.

Орналасқан жер

Орналасқан жерді анықтауға қатысты шектеулер баптауларын өзгерту.

Баптаулар экранында Орналасқан жер тармағын таңдаңыз.

- Қолданба рұқсаттары : құрылғының орналасқан жерін пайдалануға рұқсат берілген қолданбалар тізімін тексеру, сондай-ақ рұқсаттар баптауларын өзгерту.
- Орналасқан жер : функциялар өшірулі болса да, орналасқан жер туралы ақпараттың дәлдігін арттыру үшін құрылғының Wi-Fi немесе Bluetooth функциясын пайдалану. Сондай-ақ құрылғы қандай орналасқан жерді анықтау қызметтерін пайдаланатынын анықтауға болады.
- Жақында қол жеткізген қолданбалар : ағымдағы орналасқан жер туралы ақпаратты сұратып жатқан қолданбаларды нақтылау.

Төтенше жағдайлар және қауіпсіздік

Медициналық ақпаратыңызды және төтенше байланыс адамдарын басқарыңыз. Сондай-ақ төтенше жағдайларға қатысты функциялардың баптауларын, мысалы, сымсыз байланыс арқылы төтенше ескертулер баптауларын өзгертуге болады.

Баптаулар экранында Төтенше жағдайлар және қауіпсіздік тармағын таңдаңыз.

- Медициналық мәліметтер : медициналық ақпаратты енгізу.
- Төтенше байланыстар : төтенше байланыс адамдарын қосу.
- Жедел көмек : осы функцияның баптаулар экранындағы орнатуларға сәйкес бүйір батырмасын бірнеше рет басқанда белгіленген нөмірге төтенше қоңырау шалу.
- Төтенше байланыс : орналасқан жер, аккумулятор заряды төмен екені туралы хабарландырулар сияқты ақпаратты құрылғыдан белгілі бір кезең ішінде төтенше байланыстарға беру.
- Төтенше ескертулер : төтенше жағдайлар туралы ескерту функциясын қосу.
- Көлік жүргізу кезінде хабарландыру дыбысын өшіру : көлік жүргізу кезінде «Мазаламаңыз» функциясын автоматты түрде қосу.
- Төтенше жағдайлардағы геолокация : төтенше орналасқан жерді анықтау қызметі (ELS) функциясын қосу.
- Төтенше ескертулер : сымсыз байланыс арқылы төтенше ескертулерге қатысты баптауларды өзгерту.
- Жер сілкінісі туралы ескертулер : жер сілкінісі туралы ескерту функциясын қосу.
- Белгісіз трекерлер туралы ескертулер : сапар кезінде белгісіз трекер анықталғаны туралы хабарлау.

Кейбір функциялардың қолжетімділігі аймаққа немесе үлгіге байланысты.

Тіркелгілер және архивтеу

Samsung Cloud бұлттық жадының көмегімен құрылғы деректерін синхрондаңыз, сақтық көшірмесін жасаңыз және қалпына келтіріңіз. Сондай-ақ Samsung немесе Google сияқты тіркелгілерге кіруге, оларды басқаруға және Smart Switch көмегімен құрылғылар арасында деректерді тасымалдауға болады.

Баптаулар экранында Тіркелгілер және архивтеу тармағын таңдаңыз.

- Тіркелгілерді басқару : Samsung және Google немесе басқа тіркелгілермен синхрондау үшін оларды қосу.
- Samsung Cloud : Samsung Cloud жадында құрылғыңыздың деректерінің сақтық көшірмесін жасап, содан кейін одан қалпына келтіруді орындауға болады.
- Google Drive : жеке мәліметтерді, қолданба деректерін және баптауларды қауіпсіз жерде сақтаңыз. Маңызды деректердің сақтық көшірмесін жасай аласыз. Деректердің сақтық көшірмесін жасау үшін Google тіркелгісіне кіру қажет.
- Smart Switch : Smart Switch қолданбасын ашу және деректерді бұрынғы құрылғыдан тасымалдау. Толық ақпаратты Деректерді алдыңғы құрылғыдан тасымалдау (Smart Switch) бөлімінен қараңыз.

Деректеріңізді құрылғы баптауларының байқаусызда қалпына келтірілуі салдарынан зақымдалған немесе жоғалған жағдайда қалпына келтіру мүмкіндігі болуы үшін оларды сенімді жерде, мысалы, Samsung Cloud бұлттық жадында немесе компьютерде мезгіл-мезгіл сақтық көшірмелеп отырыңыз.

Google қызметтері

Кейбір Google функцияларының баптауларын өзгертіңіз.

Баптаулар экранында Google қызметтері тармағын таңдаңыз.

Қосымша функциялар

Қосымша функцияларды қосу және оларды басқару баптауларын өзгерту.

Баптаулар экранында Қосымша функциялар тармағын таңдаңыз.

- Labs : құрылғының жаңа функцияларын пайдалану.
- Бүйір батырмасы : бүйір батырмасымен іске қосылатын қолданбаны немесе функцияны таңдау.
- Бірнеше терезе режимі : бірнеше терезе режимін қосу тәртібін орнату. Сондай-ақ бірнеше терезе режимінің баптауларын өзгертуге болады. Толық ақпаратты Бірнеше терезе бөлімінен қараңыз.
- Қозғалыстар және қимылдар : белгілі бір әрекеттер немесе қимылдар анықталған кезде іске қосылатын функцияны баптаңыз.
- Бір қолмен жұмыс режимі : құрылғыны бір қолмен пайдалану ыңғайлы болуы үшін бір қолмен басқару режимін қосу.
- Экран скриншоттары : экран скриншоттарының баптауларын өзгерту.
- Қолданбалардың қосарлы профилі : екінші қолданбаны орнату және хабарламалар алмасуға арналған бір қолданба үшін екі бөлек тіркелгіні пайдалану. Екінші қолданба екінші қолданба белгішесімен ( ) белгіленеді.

Кейбір функциялардың қолжетімділігі байланыс операторына немесе үлгіге байланысты.

Құрылғыны пайдалану және ата-аналық бақылау

Құрылғыны пайдалану тарихына қол жеткізіңіз және құрылғының өміріңізге кедергі келтірмеуін қамтамасыз ететін функцияларды пайдаланыңыз. Сондай-ақ балалар үшін ата-аналық бақылау функцияларын баптап, олардың цифрлық өмірін басқаруға болады.

Баптаулар экранында Құрылғыны пайдалану және ата-аналық бақылау тармағын таңдаңыз.

- Бүгінгі экран уақыты : күн ішінде ең жиі пайдаланылатын қолданбалар санаттарының тізімі.
- Қолданба таймерлері : әр қолданбаны тәулік бойы пайдаланудың максималды таймерін баптау. Лимит таусылғанда қолданба өшіріледі және оны пайдалану мүмкін болмайды.
- Құрылғыны пайдалану уақыты : күн ішінде құрылғыны пайдалану ұзақтығының мақсаттарын орнату.
- Көлік жүргізуді бақылау : автокөлік жүргізу кезінде құрылғыны пайдалану уақытының мөлшерін есепке алу үшін көлік жүргізуді бақылау функциясын қосу.
- Жүруді бақылау : жаяу жүру кезінде құрылғыны пайдалану уақытының мөлшерін есепке алу үшін жүру кезіндегі пайдалануды бақылау функциясын қосу.
- Дыбыс деңгейін бақылау : есту қабілетін қорғау үшін дыбыс деңгейін бақылау функциясын қосу.
- Мазмұн шектеулері : сайттарға қол жеткізуді шектеу немесе қолданбалар мен ойындарға жас шектеулерін орнату. Бұл функция тек Samsung Browser және Galaxy Store қолданбаларында қолжетімді.
- Ата-аналық бақылау : балаларыңыздың осы құрылғыны пайдалану ережелерін орнату.

Құрылғыға қызмет көрсету

Құрылғыға қызмет көрсету функциясы құрылғы аккумуляторының, кірістірілген жадтың, жедел жадтың күйі, сондай-ақ жүйе қауіпсіздігі туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Құрылғыны оңтайландыруға да болады.

Баптаулар экранында Құрылғыға қызмет көрсету тармағын таңдаңыз.

- Оңтайландыру : құрылғы жұмысын оңтайландыру үшін фондық режимде жұмыс істейтін немесе аккумулятор зарядын тым көп тұтынатын қолданбаларды жабу, сондай-ақ ақаулы қолданбалар мен зиянды бағдарламалардың бар-жоғын сканерлеу.
- Батарея : аккумулятордың қолжетімді заряды және құрылғының қалған жұмыс уақыты туралы мәліметтерді қараңыз. Аккумулятор заряды төмен құрылғыларды пайдаланған кезде зарядты үнемдеу үшін энергия үнемдеу функцияларын қосуға болады. Толық ақпаратты Батарея бөлімінен қараңыз.

- Жад : жадтағы бос және бос емес орынның күйін көру, қажетсіз файлдарды, мысалы, себеттегі файлдарды, пайдаланылмайтын файлдарды немесе файлдардың көшірмелерін тексергеннен кейін жою арқылы орынды босату.

  - Кірістірілген жадтың қолжетімді нақты көлемі мәлімделгеннен аз, өйткені кірістірілген жадтың бір бөлігі операциялық жүйе мен алдын ала орнатылған қолданбаларға резервтелген. Қолжетімді көлем құрылғы жаңартылғаннан кейін өзгеруі мүмкін.
  - Құрылғының кірістірілген жадының қолжетімді сыйымдылығын Samsung веб-сайтындағы «Техникалық сипаттамалар» бөлімінен білуге болады.

- Жедел жад : бос емес жедел жадты көру және фондық қолданбаларды тоқтату арқылы жадты тазалау үшін Тазалау тармағын таңдау.
- Қолданбаларды қорғау : құрылғыны зиянды БЖ және басқа күдікті әрекеттердің бар-жоғына сканерлеу арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
- Автоматты оңтайландыру : фондық бағдарламаларды жабу және жадты тазалау арқылы автоматты оңтайландыру, бұл құрылғыға ең жақсы жұмысты жалғастыруға мүмкіндік береді.

  Өнімділік мәселелері анықталғанда немесе белгіленген уақытта құрылғы автоматты түрде қайта жүктелуі үшін Автоматты қайта іске қосу тармағын таңдаңыз.
- БЖ жаңарту : құрылғының БЖ-сын FOTA қызметінің (кірістірілген БЖ-ны сымсыз жүктеу) көмегімен жаңартыңыз. Сондай-ақ бағдарламалық жасақтама жаңартуларын жоспарлауға болады.
- Диагностика : құрылғыны Samsung Members қызметінің көмегімен сынауға болады.
- Қызмет көрсету режимі : құрылғыны, мысалы, жөндеу үшін бөгде адамдарға бергенде жеке деректерді олардан қорғау үшін қызмет көрсету режимін қосыңыз.

Қолданбалар

Құрылғыда орнатылған қолданбаларды басқарыңыз және олардың баптауларын өзгертіңіз. Қолданбаларды пайдалану туралы ақпаратты көруге, хабарландырулар мен рұқсаттар баптауларын өзгертуге, сондай-ақ қажетсіз қолданбаларды жоюға немесе өшіруге болады.

Баптаулар экранында Қолданбалар тармағын таңдаңыз.

Жалпы баптаулар

Құрылғының жүйелік баптауларын өзгертіңіз немесе оны қалпына келтіріңіз.

Баптаулар экранында Жалпы баптаулар тармағын таңдаңыз.

- Тіл : құрылғы тілдерін таңдау.
- Қолданба тілдері : әр қолданба үшін қажетті тілді таңдау.
- Күні мен уақыты : уақыт пен күнді көрсету параметрлерін өзгерту.

  Аккумулятор толық разрядталғанда күні мен уақыты параметрлері қалпына келтіріледі.
- Samsung пернетақтасының параметрлері : Samsung пернетақтасының баптауларын өзгерту.
- Пернетақта : әдепкі бойынша пайдаланылатын пернетақтаны таңдау, сондай-ақ пернетақта баптауларын өзгерту.
- Физикалық пернетақта : сыртқы пернетақтаның баптауларын өзгерту.
- Тышқан : сыртқы тышқанның баптауларын өзгерту.
- Сенсорлық тақта : сыртқы сенсорлық тақтаның баптауларын өзгерту.
- Қалпына келтіру : баптауларды немесе деректерді зауыттық күйге қалпына келтіру.
- Бізге хабарласыңыз : сұрақтар қойыңыз немесе жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар алыңыз.

Арнайы мүмкіндіктер

Құрылғыны пайдалануды ыңғайлырақ ететін түрлі баптауларды өзгерту. Толық ақпаратты Арнайы мүмкіндіктер бөлімінен қараңыз.

Баптаулар экранында Арнайы мүмкіндіктер тармағын таңдаңыз.

БЖ жаңарту

Құрылғының БЖ-сын FOTA қызметінің (кірістірілген БЖ-ны сымсыз жүктеу) көмегімен жаңартыңыз. Сондай-ақ автоматты жүктеу баптауларын өзгертуге болады.

Баптаулар экранында БЖ жаңарту тармағын таңдаңыз. Жаңартуларды қолмен тексеру немесе орнату үшін Жаңартуларды тексеру тармағын таңдаңыз.

Автоматты жүктеу баптауларын өзгерту үшін қосымша параметрлер белгішесін (⋮) → Автоматты жүктеу тармағын түртіңіз.

Қауіпсіздік функциялары және жаңа қауіп түрлерін жою үшін бағдарламалық жасақтаманың шұғыл жаңартулары шыққан кезде, олар құрылғыда пайдаланушының келісімінсіз орнатылады.

Қауіпсіздік жүйесінің жаңартулары туралы мәліметтер

Қауіпсіздік жүйесінің жаңартулары құрылғы қауіпсіздігінің деңгейін арттыруға және жеке ақпаратты қорғауға арналған. Нақты үлгінің қауіпсіздік жүйесінің жаңартулары туралы мәліметтер security.samsungmobile.com веб-сайтында келтірілген.

Веб-сайт тек бірнеше тілді қолдайды.

Қашықтан басқару

Құрылғыңызға қатысты сұрақтар немесе техникалық ақаулар туындаған жағдайда қашықтан қолдау қызметін алуға болады.

Баптаулар экранында Қашықтан басқару тармағын таңдаңыз.

Телефон туралы мәліметтер

Құрылғы туралы ақпаратқа қол жеткізу.

Баптаулар экранында Телефон туралы мәліметтер тармағын таңдаңыз.

Құрылғы атауын өзгерту үшін Атын өзгерту тармағын таңдаңыз.

- Күй туралы мәліметтер : SIM картасының күйі, Wi-Fi желісінің MAC мекенжайы және сериялық нөмір сияқты құрылғы туралы түрлі ақпаратты алу.
- Заңды ақпарат : қауіпсіздік туралы ақпарат және ашық бастапқы кодты БЖ лицензиялары сияқты құрылғыға қатысты құқықтық ақпаратқа қол жеткізу.
- БЖ туралы мәліметтер : операциялық жүйе мен кірістірілген БЖ нұсқасы сияқты құрылғының бағдарламалық жасақтамасы туралы ақпаратқа қол жеткізу.
- Аккумулятор туралы мәліметтер : аккумулятордың күйі туралы ақпаратты көру.

Пайдалану туралы ескертулер

Құрылғыны пайдалануға қатысты сақтандырулар

Құрылғыны дұрыс әрі қауіпсіз пайдалану үшін онымен жұмысты бастамас бұрын осы нұсқаулықты оқып шығыңыз.

- Төменде келтірілген сипаттамалар құрылғының әдепкі баптауларына негізделген.
- Келтірілген мәліметтер осы құрылғының функцияларына ішінара сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл аймаққа, құрылғы сипаттамаларына, бағдарламалық жасақтамаға немесе қызмет жеткізушіге байланысты.
- Кейбір қолданбалар мен функцияларды пайдаланған кезде құрылғыға Wi-Fi немесе мобильдік желіге қосылу қажет болуы мүмкін.
- Орталық процессор мен жедел жадтың ресурстарын көп тұтынатын мазмұн (жоғары сапалы мазмұн) құрылғының жалпы өнімділігіне әсер етеді. Мұндай мазмұнды пайдаланатын қолданбалар құрылғының сипаттамаларына және оны пайдалану ортасына байланысты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- Samsung компаниясы Samsung шығармаған қолданбалардан туындаған өнімділік бұзылулары үшін жауапты емес.
- Samsung компаниясы тізілім баптауларын өңдеу немесе операциялық жүйеге өзгерістер енгізу салдарынан туындаған өнімділік немесе үйлесімділік бұзылулары үшін жауапты емес. Операциялық жүйе баптауларын өзгертуге әрекеттену құрылғының немесе қолданбалардың жұмысында іркілістерге әкелуі мүмкін.
- Осы құрылғыда алдын ала орнатылған БЖ, дыбыс файлдары, тұсқағаздар, кескіндер және басқа мазмұн шектеулі пайдалануға лицензияланған. Бұл материалдарды коммерциялық немесе өзге мақсаттарда көшіру және пайдалану авторлық құқықты бұзу болып табылады. Мультимедиалық мазмұнды заңсыз пайдалану үшін пайдаланушылар толық жауапкершілік атқарады.
- Хабарламалар алмасу, файлдарды жүктеу және жіберу, автоматты синхрондау немесе орналасқан жерді анықтау қызметтері сияқты деректер беру қызметтерін пайдаланғаны үшін қосымша ақы алынуы мүмкін, оның мөлшері ағымдағы тарифтік жоспардың шарттарына байланысты. Деректердің үлкен көлемін беру үшін Wi-Fi функциясын пайдалану ұсынылады.
- Құрылғыда алдын ала орнатылған қолданбалар жаңартылуға жатады, келешекте оларға қолдау алдын ала хабарламай-ақ тоқтатылуы мүмкін.
- Құрылғының операциялық жүйесін өзгерту және БЖ-ны бейресми көздерден орнату құрылғының жұмысында іркілістерге және деректердің зақымдалуына немесе жоғалуына себеп болуы мүмкін. Мұндай әрекеттер Samsung лицензиялық келісімінің шарттарын бұзу болып табылады және кепілдік әрекетінің тоқтатылуына әкеледі.

- Қоршаған ортаға байланысты контрастты автоматты түрде реттеудің арқасында экран далада күннің жарық сәулесінде де анық көрінуі мүмкін. Табиғи қасиеттерді ескере отырып, құрылғы экранында қозғалмайтын кескіндер ұзақ уақыт көрсетілсе, экранда кескіннің із қалдыруы (экранның күйіп қалу әсері) және артефактілер пайда болуы мүмкін.

  – Экран пайдаланылмаған кезде оны өшіру және экранның барлығында немесе бір бөлігінде қозғалмайтын кескіндерді ұзақ уақыт пайдаланбау ұсынылады.

  – Экранды белсенділік болмаған жағдайда өшетіндей етіп баптауға болады. Баптаулар тармағын ашып, Дисплей → Экран күту уақыты тармағын таңдаңыз, содан кейін экран өшірілетін уақытты таңдаңыз.

  – Экран жарықтығы қоршаған ортаға байланысты автоматты түрде өзгеруі үшін Баптаулар тармағын ашып, Дисплей тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Бейімделгіш жарықтық ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

- Үлгіге немесе аймаққа байланысты кейбір құрылғыларға АҚШ байланыс жөніндегі агенттігінің (FCC) бекітуі қажет.

  Құрылғыны FCC бекіткен болса, оның FCC идентификаторын көруге болады. FCC идентификаторына қол жеткізу үшін Баптаулар тармағын ашып, Телефон туралы мәліметтер → Күй туралы мәліметтер тармағын таңдаңыз. Құрылғыңызда FCC идентификаторы болмаса, бұл оның АҚШ аумағында сатуға бекітілмегенін және оны АҚШ-қа тек иесінің жеке пайдалануы үшін әкелуге болатынын білдіреді.

- Құрылғыда магниттер бар. Оны несие карталарынан, имплантацияланған медициналық құрылғылардан және магниттер әсер етуі мүмкін басқа құралдардан алыс ұстаңыз. Медициналық құрылғыларға қатысты бұл құрылғыны олардан 15 см-ден астам қашықтықта ұстаңыз. Құрылғыны пайдалану медициналық құрылғының жұмысына әсер етеді деген күдік туындаса, оны пайдалануды тоқтатып, дәрігеріңізге немесе медициналық құрылғының өндірушісіне жүгініңіз.

Назар аударыңыз! Бірінші баптау және құрылғының барлық функцияларын дұрыс белсендіру үшін Wi-Fi немесе мобильдік интернетке қосылу қажет.

Осы нұсқаулықта пайдаланылатын белгілер

Абайлаңыз — сізге немесе басқа адамдарға жарақат келтіруі мүмкін жағдайлар.

Назар аударыңыз — құрылғының немесе басқа жабдықтың зақымдалуына әкелуі мүмкін жағдайлар.

Ескерту — ескертулер, кеңестер немесе қосымша мәліметтер.

Жинақтама және аксессуарларға қатысты ескертулер

Жеткізілім жинағы қысқаша нұсқаулықта сипатталған.

- Жеткізілім жинағы мен қолжетімді аксессуарлар жиынтығы аймаққа немесе байланыс операторына байланысты өзгеше болуы мүмкін.
- Жеткізілетін аксессуарлар тек осы құрылғыға арналған және басқа құрылғылармен үйлеспеуі мүмкін.
- Өнімдердің сыртқы көрінісі мен техникалық сипаттамалары алдын ала хабарламай-ақ өзгертілуі мүмкін.
- Қосымша аксессуарларды Samsung компаниясының жергілікті дилерлерінен сатып алуға болады. Сатып алмас бұрын олардың құрылғыңызбен үйлесімді екеніне көз жеткізіңіз.
- Samsung компаниясы бекіткен аксессуарларды пайдалану ұсынылады. Бекітілмеген аксессуарларды пайдалану жұмыстағы мәселелерге немесе ақауларға әкелуі мүмкін, оларға кепілдік қолданылмауы мүмкін.
- Кез келген аксессуарлардың қолжетімділігі толығымен өндірушіге байланысты. Қолжетімді аксессуарлар туралы толық ақпаратты Samsung веб-сайтынан қараңыз.

Құрылғының қызып кету шарттары және ықтимал шешімдер

Аккумуляторды зарядтау кезінде құрылғы температурасының көтерілуі

Зарядтау кезінде құрылғы мен зарядтау құрылғысы қызуы мүмкін. Сымсыз немесе жылдам зарядтау кезінде құрылғыға тигенде, оның қызып тұрғаны байқалуы мүмкін. Құрылғы температурасының көтерілуі оның қызмет мерзіміне немесе сипаттамаларына әсер етпейді, бұл кезде температура әдеттегі жұмыс диапазонында қалады. Аккумулятор тым қатты қызса, зарядтау жылдамдығы төмендеуі немесе зарядтау құрылғысы жұмысын тоқтатуы мүмкін.

Құрылғы қызған жағдайда келесіні орындаңыз:

- Зарядтау құрылғысын ажыратып, жұмыс істеп тұрған барлық қолданбаларды жабыңыз. Құрылғы суығанша күтіңіз, содан кейін зарядтауды жалғастырыңыз.
- Құрылғының төменгі бөлігі қызып кетсе, оның себебі USB кәбілінің зақымдалуы болуы мүмкін. USB кәбілін жаңа кәбілге ауыстырыңыз. Samsung компаниясы бекіткен USB кәбілін пайдалану ұсынылады.
- Сымсыз зарядтау құрылғысын пайдаланған кезде зарядталатын құрылғы мен сымсыз зарядтау құрылғысының арасына металл заттар, магниттер және магнит жолағы бар карталар сияқты бөгде заттарды қоймаңыз.

Сымсыз зарядтау немесе жылдам зарядтау функциясы тек қолдау көрсетілетін үлгілерде қолжетімді.

Пайдалану кезінде құрылғы температурасының көтерілуі

Энергияны өте көп тұтынатын функцияларды немесе қолданбаларды пайдаланған кезде, сондай-ақ оларды ұзақ уақыт пайдаланған жағдайда аккумулятор зарядының шығыны артқандықтан құрылғы уақытша қызуы мүмкін. Жұмыс істеп тұрған барлық қолданбаларды жауып, құрылғыны біраз уақыт пайдаланбаңыз.

Төменде құрылғы қызып кетуі мүмкін жағдайларға мысалдар сипатталған.

- Сатып алғаннан кейін бастапқы баптау кезінде немесе деректерді қалпына келтіру кезінде.
- Үлкен файлдарды жүктеу кезінде.

- Энергияны өте көп тұтынатын қолданбаларды пайдаланған кезде немесе қолданбаларды ұзақ уақыт пайдаланған кезде:
  - Кескін сапасы жоғары ойындардағы ұзақ сеанстар кезінде;
  - Бейнені ұзақ жазу кезінде;
  - Бейнені максималды жарықтықты пайдаланып ағынмен ойнату кезінде;
  - Теледидарға қосылған кезде.
- Көп тапсырмалы жұмыс режимінде (немесе фондық режимде көп қолданба жұмыс істесе):
  - «Бірнеше терезе» функциясын пайдаланған кезде;
  - Бейне жазу кезінде қолданбаларды жаңарту және орнату кезінде;
  - Бейне қоңырау кезінде үлкен файлдарды жүктеу кезінде;
  - Навигацияға арналған қолданбаны пайдалану кезінде бейне жазу кезінде.
- Бұлттық жадпен, электрондық поштамен немесе басқа тіркелгілермен синхрондау үшін деректердің үлкен көлемін пайдалану кезінде.
- Құрылғы тікелей күн сәулесінің әсерінде болғанда, автокөлікте навигацияға арналған қолданбаны пайдалану кезінде.
- Мобильдік кіру нүктесі немесе модем функциясын пайдалану кезінде
- Құрылғыны сигнал әлсіз немесе сигнал жоқ аймақтарда пайдалану кезінде.
- Аккумуляторды зақымдалған USB кәбілімен зарядтау кезінде.
- Әмбебап қосқыш зақымдалған немесе оған сұйықтықтар, шаң, металл ұнтағы немесе қарындаш графиті сияқты бөгде заттар түскен жағдайда.
- Роумингте болған кезде.

Құрылғы қызған жағдайда келесіні орындаңыз:

- Құрылғыны бағдарламалық жасақтаманың соңғы нұсқасына дейін жаңартыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған қолданбалар арасындағы қайшылықтар құрылғы температурасының көтерілуіне себеп болуы мүмкін. Құрылғыны қайта жүктеңіз.
- Wi-Fi, GPS және Bluetooth функцияларын пайдаланылмаса, өшіріңіз.
- Аккумулятор зарядын қарқынды тұтынатын немесе фондық режимде жұмыс істейтін және пайдаланылмайтын қолданбаларды жабыңыз.
- Қажетсіз файлдар мен пайдаланылмайтын қолданбаларды жойыңыз.
- Экран жарықтығын азайтыңыз.
- Құрылғы қызып кетсе немесе қызса, оны біраз уақыт пайдаланбаңыз. Құрылғы қызып кетуін жалғастырса, Samsung қызмет көрсету орталығына немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Құрылғының қызып кетуі туралы сақтандырулар

Құрылғының қызып кетуіне байланысты жайсыздық сезінсеңіз, оны пайдалануды тоқтатыңыз.

Құрылғы қызып кеткенде, оның функциялары мен өнімділігі шектелуі немесе құрылғы салқындату мақсатында өшуі мүмкін. Функция тек қолдау көрсетілетін үлгілерде қолжетімді.

- Құрылғы қызып кетсе, құрылғы температурасын төмендету үшін экран жарықтығы, экранды жаңарту жиілігі және жұмыс жылдамдығы шектеледі. Аккумуляторды зарядтау индикаторының белгішесі көрсетілсе де, зарядтау баяу жүруі мүмкін. Құрылғы температурасының көтерілуіне байланысты зарядтау тоқтағанда, аккумулятор заряды индикаторының белгішесі жыпылықтайды.
- Құрылғы белгілі бір температураға жеткенде, құрылғының істен шығуын, теріні тітіркендіруді немесе зақымдауды және аккумулятор зарядының ағып кетуін болдырмау үшін ескерту хабарламасы пайда болады. Іске қосылған қолданбалар жабылады, ал құрылғы суығанға дейін төтенше қоңыраулар қоспағанда, қоңырау шалудың барлық функциялары мен басқа функциялар шектеледі.
- Температураның одан әрі көтерілуіне байланысты екінші хабарлама пайда болғанда, құрылғы өшеді. Құрылғының температурасы ұсынылатын жұмыс температуралары диапазонына түскенге дейін оны пайдаланбаңыз. Екінші ескерту хабарламасы төтенше қоңырау кезінде пайда болса, қоңырау мәжбүрлі түрде үзілмейді.

Ұсынылатын жұмыс температуралары диапазоны

Құрылғының ұсынылатын жұмыс температуралары диапазоны: 0 °C-тан 35 °C-қа дейін. Құрылғыны ұсынылатын температуралар диапазонынан тыс температураларда пайдалану құрылғының зақымдалуына немесе аккумулятордың қызмет мерзімінің қысқаруына әкелуі мүмкін.

Пайдалану жағдайларына қатысты сақтық шаралары

Құрылғы қоршаған орта жағдайларына байланысты келесі жағдайларда қызуы мүмкін. Аккумулятордың қызмет мерзімінің қысқаруын, құрылғының зақымдалуын немесе өрт шығуын болдырмау үшін сақ болыңыз.

- Құрылғыны тым төмен немесе тым жоғары температура жағдайында сақтамаңыз.
- Құрылғының тікелей күн сәулесінің ұзақ әсеріне ұшырамауын қадағалаңыз.

- Құрылғыны жоғары температурада ұзақ уақыт пайдаланбаңыз және сақтамаңыз, мысалы, жазда автокөлік салонында.
- Құрылғыны қатты қызып кетуі мүмкін жерде, мысалы, қыздырылатын кілемшеде қалдырмаңыз.
- Құрылғыны жылытқыштардың, микротолқынды пештердің, ыстық асхана жабдығының жанында немесе жоғары қысымды контейнерлерде сақтамаңыз.
- Қабығы сыдырылған немесе зақымдалған кәбілді, сондай-ақ зақымдалған немесе ақаулы зарядтау құрылғысын не аккумуляторды пайдаланбаңыз.

Қосымша

Арнайы мүмкіндіктер

Арнайы мүмкіндіктер туралы

Көру, есту және қозғалыс үйлестіру қабілеттері бұзылған пайдаланушыларға құрылғымен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін арнайы функциялар.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер тармағын таңдаңыз. Ұсынылатын функциялар мен арнайы мүмкіндіктер туралы білу үшін Сізге ұсынылады тармағын таңдаңыз. Пайдаланылатын функцияны өшіру үшін Өшіру тармағын таңдаңыз.

Көрсетуді жақсарту

Көрсету режимі

Көрсету режимін өзгерту.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту тармағын таңдап, Көрсету режимі бөлімінде қажетті режимді таңдаңыз.

Контрастылығы жоғары тақырыпты пайдалану

Ашық мазмұн қараңғы фонда көрсетілетін айқын тақырыпты қолдануға болады.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту → Жоғары контрастты тақырып тармағын таңдаңыз. Содан кейін қажетті тақырыпты таңдап, оны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз, содан кейін Жүктеу → Қолдану тармағын таңдаңыз.

Контрастылығы жоғары қарпті пайдалану

Мәтін мен фон арасындағы контрастты арттыру үшін түс пен қарпті баптау.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Жоғары контрастты қаріп ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Контрастылығы жоғары пернетақтаны пайдалану

Мәтіннің фонға қатысты контрастын реттеу үшін Samsung пернетақтасының түстерін өзгертіңіз.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Контрастты пернетақта ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Батырмалар пішінін көрсету

Батырмалардың пішінін оларды ерекшелеу үшін жақтаулармен көрсету.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Батырмаларды ерекшелеу ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Экран түстерін инверсиялау

Экранның және онда көрсетілетін мәтіннің көрінуін жақсарту.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Түстер инверсиясы ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Түсті түзету

Ағымдағы түстерді ажырату қиын болса, экранға шығарылатын түстерді өзгерту. Құрылғы түстер палитрасын неғұрлым ажыратылатынына өзгертеді.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту → Түсті түзету тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз. Функцияны таңдаңыз.

Түс сүзгісі

Экрандағы мәтінді оқу қиын болса, экран түстерін реттеуге болады.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту → Түс сүзгісі тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз. Қажетті түсті таңдаңыз.

Мөлдірлік деңгейін реттеу үшін Мөлдір еместік реттеу жүгірткісін сүйреңіз.

Экрандағы қозғалыс әсерлерін азайту

Экрандағы анимацияға немесе қозғалыстарға сезімтал болсаңыз, анимацияның кейбір әсерлерін өшіруге болады.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Анимацияларды жеңілдету ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Мөлдірлік пен бұлыңғырлау әсерлерін азайту

Экрандағы мазмұнның көрінуін жақсарту үшін мөлдірлік пен бұлыңғырлау әсерлерін азайту.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Мөлдірлік пен бұлыңғырлауды азайту ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Экран жарықтығын азайту

Неғұрлым жайлы қарау үшін экран жарықтығын ең төменгі деңгейден төмен азайту.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Максималды күңгірттеу ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Экранды үлкейту

Экран мазмұнын масштабтау және оның белгілі бір аймағын жақындату.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту → Үлкейту → Үлкейту таңбашасы тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз. Содан кейін осы функцияны пайдаланып тікелей іске қосылатын әрекеттерді таңдаңыз.

- “Арнайы мүмкіндіктер” батырмасын түрту : үлкейту белгішесін ( ) түрту арқылы экранды үлкейту.
- Бүйір батырмасы мен дыбысты арттыру батырмасын басу : бүйір батырмасы мен дыбысты арттыру батырмасын бір мезгілде басқанда экранды үлкейту.
- Дыбыс деңгейін реттеу батырмаларын 3 секунд басып тұру : дыбысты арттыру және азайту батырмаларын 3 секунд бір мезгілде басып тұрғанда экранды үлкейту.
- Экранды үш рет түрту : экранды үш рет түрту арқылы үлкейту.

Экрандағы кескінді кез келген уақытта лупа терезесінің көмегімен үлкейтуге болады. Лупаны жылжыту үшін лупа жақтауын жиегінен сүйреңіз.

Экранды зерттеу үшін үлкейтілген экранды екі саусақпен сырғытыңыз.

Үлкейту еселігін өзгерту үшін үлкейтілген экранда екі саусақты жинаңыз немесе екі жаққа жазыңыз.

- Бүкіл экранды үлкейткен кезде экрандағы пернетақта және навигация тақтасы үлкеймейді. Пернетақта мен навигация тақтасы да үлкеюі үшін Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту → Үлкейту тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Мәтін теру кезінде үлкейту ауыстырып-қосқышын түртіңіз.
- Бұл функцияны пайдалану кейбір қолданбалардың жұмысына әсер етуі мүмкін.

Курсор қалыңдығын өзгерту

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту → Курсор қалыңдығы тармағын таңдаңыз.

Меңзер өлшемі мен түсін өзгерту

Сыртқы тышқанның немесе сенсорлық тақтаның меңзерін үлкейтуге болады. Сонымен қатар меңзердің түсін өзгертуге болады.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту → Меңзер өлшемі мен түсі тармағын таңдаңыз.

Қарпті өзгерту

Қаріп өлшемі мен стилін өзгертіңіз.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту → Қаріп өлшемі және стилі тармағын таңдаңыз.

Экран масштабын өзгерту

Экрандағы элементтердің өлшемін өзгерту.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту → Экранды масштабтау тармағын таңдаңыз.

Пернетақтада енгізуді дыбыстау

Пернетақта көмегімен енгізілетін мәтінді айту.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту → Пернетақтада енгізуді дыбыстау тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз, одан кейін параметрді таңдаңыз.

Аудиодескрипция

Бейнеде аудиодескрипция болса, оны қосу.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Көрсетуді жақсарту тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Аудиосипаттама ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

TalkBack (дауыспен кері байланыс)

TalkBack функциясын қосу немесе өшіру

TalkBack функциясы қосулы болса, құрылғы дауыспен кері байланысты бастайды. Таңдалған функцияны бір рет басқанда құрылғы экрандағы мәтінді оқиды. Функцияны екі рет түрту оны қосады.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → TalkBack тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз.

TalkBack функциясын өшіру үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз, содан кейін экранның кез келген жерін екі рет түртіңіз. Содан кейін Өшіру тармағын таңдап, экранның кез келген жерін екі рет түртіңіз.

TalkBack функциясын пайдалану туралы ақпаратпен танысу үшін Баптаулар → TalkBack нұсқаулығы тармағын таңдаңыз.

TalkBack функциясын пайдаланған кезде кейбір функциялар қолжетімсіз.

Қарауды саусақ қимылдарымен басқару

TalkBack функциясын пайдалану кезінде экранды саусақтардың түрлі қозғалыстарымен басқаруға болады.

Қолжетімді қимылдарды көру және баптау үшін Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → TalkBack → Баптаулар → Қимылдар тармағын таңдаңыз.

Оқу мәзірін пайдалану

TalkBack функциясын пайдалану кезінде үш саусақпен солға немесе оңға сырғытыңыз. Бұл кезде оқу мәзірі көрсетіледі, ал құрылғы қолжетімді параметрлерді оқи бастайды. Параметрлерді айналдыру үшін үш саусақпен солға немесе оңға сырғытыңыз. Қажетті параметр танылғанда, оны пайдалану немесе оның баптауларын өзгерту үшін жоғары немесе төмен сырғытыңыз. Мысалы, Сөйлеу жылдамдығы деген дыбысты естісеңіз, сөйлеу жылдамдығын реттеу үшін жоғары немесе төмен сырғытуға болады.

Кескіндерге жазулар қосу және оларды басқару

Экрандағы кескіндерге жазулар қосуға болады. Кескінді таңдағанда, құрылғы жазуды дауыстап оқиды. Жазуы жоқ кескіндерге жоғары немесе төмен, содан кейін оңға сырғыту арқылы жазулар қосыңыз. Содан кейін TalkBack мәзірі пайда болғаннан кейін Белгі қосу тармағын таңдаңыз.

Жазуларды басқару үшін Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → TalkBack → Баптаулар → Кеңейтілген баптаулар → Жеке белгілер тармағын таңдаңыз.

TalkBack баптауларын өзгерту

TalkBack баптауларын өз қалауыңыз бойынша өзгертіңіз.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → TalkBack → Баптаулар тармағын таңдаңыз.

- TalkBack жүйесіндегі жаңа функциялар : TalkBack функциясының негізгі жаңартулары мен өзгерістерін көру.
- Мәтінді сөйлеуге түрлендіру : TalkBack функциясы қосулы кезде пайдаланылатын мәтінді сөйлеуге түрлендіру баптауларын, мысалы, тілдерді, жылдамдықты және т.б. өзгерту.
- Егжей-тегжейлілік : дауыспен кері байланыстың егжей-тегжейлі баптауларын өзгерту.
- Кескіндер мен экран мазмұнының сипаттамасы : автоматты сипаттау баптауларын өзгерту. Кескінге немесе белгішеге, сондай-ақ мәтіні бар кескінге фокус жасағанда сипаттамаларды есту мүмкін болады.
- Дыбыстар және діріл : TalkBack функциясын пайдалану кезіндегі дыбыс пен діріл баптауларын өзгерту.
- Ауысу индикаторын өзгерту : элементтерді түрткен кезде көрсетілетін курсордың фокус меңзерінің шекараларын үлкейту. Сонымен қатар меңзердің түсін өзгертуге болады.
- Сөйлеуді мәтінге түрлендіру : дауыспен кері байланысты экранда мәтін түрінде көрсету.
- Қимылдар : TalkBack функциясын пайдалану кезінде экранды басқарудың түрлі қимылдарын көру, сондай-ақ қимыл баптауларын өзгерту.
- Мәзірді өзгерту : пайдаланылатын TalkBack мәзірлерін, сондай-ақ оқу мәзірін таңдау.
- Жылдам пернелер : сыртқы қосылған пернетақтаның перне тіркесімдерін баптау.
- Экрандық пернетақта : экрандық пернетақта баптауларын өзгерту.
- Брайль пернетақтасы : 6 нүктелі Брайль пернетақтасының көмегімен экранда әріптерді енгізу.
- Брайль дисплейі : Брайль дисплейін қосу және баптауларды өзгерту.
- Кеңейтілген баптаулар : TalkBack функциясының қосымша баптауларын өзгерту.
- TalkBack нұсқаулығы : TalkBack функцияларын пайдалануға үйрену.
- Анықтама : TalkBack анықтама веб-бетіне өту.
- "Google арнайы мүмкіндіктері" жобасының қолдау қызметіне хабарласу : Google арнайы мүмкіндіктер функциялары бойынша анықтама веб-бетіне өту.

Пернетақтадан мәтін енгізу

Пернетақтаны экранға шығару үшін енгізу өрісін түртіңіз, содан кейін экранның кез келген жерін екі рет түртіңіз.

Саусағыңызбен пернетақтадағы пернелерді түрткен кезде, құрылғы осы пернелердің таңбаларын дауыстап оқиды. Қажетті таңбаны естігенде, оны таңдау үшін саусағыңызды босатыңыз. Бұл таңба енгізіледі, ал құрылғы мәтінді дауыстап оқиды.

Қосымша таңбаларды енгізу

Осы перне үшін қолжетімді қосымша таңбаларды енгізу үшін пернетақтадағы пернені түртіп ұстап тұрыңыз. Қолжетімді таңбаларды көрсететін қалқымалы терезе пайда болады. Таңбаны таңдау үшін оның атауын естігенше қалқымалы терезе бойымен саусағыңызды жүргізіңіз, содан кейін саусағыңызды босатыңыз.

Естілімділікті арттыру

Тікелей транскрипция

Құрылғыны микрофон арқылы сөйлеуді жазып, оны экранда мәтінге түрлендіретіндей етіп баптауға болады.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Естілімділікті арттыру → Тікелей транскрипция → Тікелей транскрипция таңбашасы тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз. Осы функцияны пайдаланып тікелей іске қосылатын әрекеттерді белгілеңіз. Содан кейін сөйлеуді транскрипциялау үшін әрекетті орындаңыз.

Автоматты субтитрлер

Құрылғыны бейне немесе подкасттар сияқты мультимедиалық мазмұнды ойнату кезінде сөйлеуді анықтап, субтитрлерді автоматты түрде жасайтындай етіп баптауға болады.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Естілімділікті арттыру → Автоматты субтитрлер тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Автоматты субтитрлер ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Субтитр баптаулары

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Естілімділікті арттыру → Жазулар баптаулары тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Жазуларды көрсету ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Субтитр баптауларын өзгерту үшін параметрді таңдаңыз.

Жарық хабарландыруларын қосу

Оятқыш іске қосылғанда немесе кіріс қоңыраулар немесе жаңа хабарламалар сияқты хабарландырулар болғанда жарқыл немесе экран жыпылықтауын қосыңыз.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Естілімділікті арттыру → Жарқыл арқылы хабарландыру тармағын таңдаңыз, содан кейін қосу керек параметрлердің жанындағы ауыстырып-қосқыштарды түртіңіз.

Дыбыстар туралы хабарландырулар

Құрылғы түтін детекторларының сигналдары немесе баланың жылауы сияқты дыбыстарды анықтай алады. Баланың жылауын анықтайтын детектор іске қосылғанда, құрылғы дірілдей бастайды, сондай-ақ ескертуді журнал түрінде сақтайды.

Бұл функция қосулы кезде дауысты тану жұмыс істемейді.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Естілімділікті арттыру → Дыбыстар туралы хабарландырулар → Дыбыстар туралы хабарландыруларды ашу тармағын таңдаңыз. Дыбыстар туралы хабарландыру функциясын қосу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Дыбыс анықталғанда жазба көрсетіледі.

Моно дыбыс

Моно дыбыс режимін пайдаланғанда стерео дыбыс бір ағынға біріктіріледі, ол құлаққап арқылы ойнатылады. Есту қабілетінде мәселелер болса, сондай-ақ бір құлаққапты пайдалану ыңғайлырақ болса, осы режимді пайдаланыңыз.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Естілімділікті арттыру тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Моно дыбыс ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Дыбыс балансын реттеу

Құрылғыдағы дыбыс балансын баптаңыз.

1 Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Естілімділікті арттыру тармағын таңдаңыз.

2 Дыбыс балансын реттеу үшін Оң/сол жақ дыбыс балансы мәзіріндегі баланс жүгірткілерін солға немесе оңға сүйреңіз.

Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу

Әмбебап ауыстырып-қосқыш

Экранды басқару үшін сыртқы ауыстырып-қосқышты қосуға, сондай-ақ басты айналдыруға немесе оның орнын өзгертуге болады.

1 Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу → Әмбебап ауыстырып-қосқыш тармағын таңдаңыз.

2 Экрандағы нұсқаулармен танысып, Дайын тармағын таңдаңыз.

3 Тиісті функцияны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз.

4 Құрылғыда ешбір әмбебап ауыстырып-қосқыш тіркелмеген болса,

Ауыстырып-қосқыш қосу тармағын таңдап, құрылғыны басқару үшін пайдаланылатын ауыстырып-қосқыштарды белгілеңіз.

Әмбебап ауыстырып-қосқыш функциясын қосу үшін құрылғыда кемінде бір осындай ауыстырып-қосқыш тіркелген болуы тиіс.

Құрылғыны басқару үшін ауыстырып-қосқыштарды белгілеу үшін Ауыстырып-қосқыштар тармағындағы ауыстырып-қосқышты түртіңіз.

Бұл функцияны өшіру үшін бүйір батырмасы мен дыбысты арттыру батырмасын бір мезгілде басыңыз.

Көмекші мәзір

Көмекші таңбашаны көрсету

Қолданбаларға, функцияларға және баптауларға қол жеткізу үшін көмекші таңбашаны көрсету. Белгішенің көмекші мәзірлерін пайдаланып, құрылғыны басқаруға болады.

1 Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу → Көмекші мәзір тармағын таңдаңыз.

2 Тиісті функцияны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз.

Экранның төменгі оң жақ бұрышында көмекші таңбаша белгішесі пайда болады.

Көмекші таңбаша белгішесінің мөлдірлік деңгейін реттеу үшін Мөлдірлік тармағындағы реттеу жүгірткісін сүйреңіз.

Көмекші мәзірлерге қол жеткізу

Көмекші таңбаша белгішесі — кез келген экраннан көмекші мәзірлерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін қалқымалы белгіше.

Түрткенде көмекші таңбаша жайылып, онда көмекші мәзірлер пайда болады. Басқа мәзірлерді таңдау үшін солға немесе оңға көрсеткіні түртіңіз немесе экранды солға немесе оңға сырғытыңыз.

Жетілдірілген көмекші мәзірлер

Кейбір қолданбалар үшін жетілдірілген көмекші мәзірдің көрсетілуін баптаңыз.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу → Көмекші мәзір → Контекстік мәзір үшін қолданбаларды таңдаңыз тармағын таңдаңыз, содан кейін қосу керек қолданбалардың жанындағы ауыстырып-қосқыштарды түртіңіз.

Voice Access

Құрылғыны дауыспен оңай басқару үшін осы функцияны пайдаланыңыз.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу → Voice Access тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз.

Қоңырауларға жауап беру және оларды аяқтау

Қоңырауларға жауап беру және оларды аяқтау тәсілін өзгертіңіз.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу → Қоңырауларға жауап беру және аяқтау тармағын таңдаңыз, содан кейін баптауларды өзгертіңіз.

Өзара әрекеттесуді бақылау

Қолданбалар жұмыс істеп тұрғанда құрылғының енгізуге жауап беруін шектеу үшін өзара әрекеттесуді бақылау режимін қосыңыз.

1 Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу → Өзара әрекеттесуді бақылау тармағын таңдаңыз.

2 Тиісті функцияны қосу үшін Өзара әрекеттесуді бақылау таңбашасы ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

3 Қолданба жұмыс істеп тұрғанда бүйір батырмасы мен дыбысты арттыру батырмасын бір мезгілде басыңыз.

4 Жақтау өлшемін өзгертіңіз немесе басқаруды шектеу керек аймақты сызықтармен шеңберлеңіз.

5 Дайын тармағын таңдаңыз.

Құрылғы шектелген аймақты көрсетеді. Бұл шектелген аймақ жанасуларға жауап бермейді, сондай-ақ құрылғы батырмалары бұғатталады. Алайда өзара әрекеттесуді бақылау режимінде бүйір батырмасының, дыбыс деңгейін реттеу батырмасының және пернетақтаның функцияларының бұғатын ашуға болады.

Өзара әрекеттесуді бақылау режимін өшіру үшін бүйір батырмасы мен дыбысты арттыру батырмасын бір мезгілде басыңыз.

Өзара әрекеттесуді бақылау режимі өшірілгеннен кейін экранды бұғаттауды баптау үшін Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу → Өзара әрекеттесуді бақылау тармағын таңдаңыз да, тиісті функцияны қосу үшін Өшірілген жағдайда бұғаттау ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Әрекет жасауға арналған уақыт

Хабарландырулар немесе дыбыс деңгейін реттегіш сияқты әрекетті сұрайтын қалқымалы терезелердің экранда көрсетілу уақытын белгілеуге болады.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу → Әрекет жасауға арналған уақыт тармағын таңдаңыз, содан кейін параметрді таңдаңыз.

Түртіп ұстап тұру кідірісі

Түртіп ұстап тұрудың қажетті ұзақтығын баптаңыз.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу → Түртіп ұстап тұру кідірісі → Ұстап тұру қимылына арналған кідіріс тармағын таңдаңыз, содан кейін параметрді таңдаңыз.

Жанасу ұзақтығы

Құрылғы бір рет түрту деп таныйтын экранға жанасу ұзақтығын баптауға болады.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу → Жанасу ұзақтығы → Түрту ұзақтығын орнату тармағын таңдаңыз және уақытты белгілеңіз.

Қайталанатын жанасуларды елемеу

Экранға бірнеше рет тигенде құрылғы белгіленген уақыт ішінде тек бірінші жанасуды тани алады.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу → Қайталанатын жанасуларды елемеу → Қайталама түртулерді елемеу уақытын белгілеңіз тармағын таңдаңыз және уақытты белгілеңіз.

Кідіріс әрекеті

Тышқан меңзері элементке жақындатылғанда ол автоматты түрде таңдалуы мүмкін.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу → Кідіріс әрекеті тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз.

Параметрлерді таңдау арқылы баптауларды өзгертуге болады.

Бұрышқа жылжыту кезіндегі әрекеттер

Меңзер экран бұрышына жылжытылғаннан кейін орындалатын әрекеттерді тағайындау.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу → Бұрышқа жылжыту кезіндегі әрекеттер тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз. Бұрышқа жылжыту кезіндегі әрекеттер тармағында параметрді таңдаңыз, содан кейін қажетті әрекетті таңдаңыз.

Пернелердің жабысып қалуы

Сыртқы пернетақтаның Shift, Ctrl немесе Alt сияқты модификатор пернелері басулы күйінде қалуы мүмкін. Бұл екі пернені бір мезгілде баспай-ақ пернетақтадағы перне тіркесімдерін пайдалануға көмектеседі.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Пернелердің жабысып қалуы ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Пернелерді баяу басу

Сыртқы пернетақтадағы пернені басуды тану уақытын өзгертуге болады.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу → Пернелерді баяу басу тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз және уақытты белгілеңіз.

Пернелерді кездейсоқ басу

Бір пернені бірнеше рет басқанда құрылғы белгіленген уақыт ішінде пернені тек бірінші басуды тани алады.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу → Пернелерді кездейсоқ басу тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін ауыстырып-қосқышты түртіңіз және уақытты белгілеңіз.

Тышқан батырмалары

Қосылған пернетақтаны тышқан ретінде пайдалану.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Қозғалыс үйлестірудің бұзылуы және өзара әрекеттесу тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қосу үшін Тышқан батырмалары ауыстырып-қосқышын түртіңіз.

Арнайы мүмкіндіктер таңбашалары

Арнайы мүмкіндіктер функцияларының тікелей ашылуын баптауға болады.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Арнайы мүмкіндіктер таңбашалары тармағын таңдаңыз. “Арнайы мүмкіндіктер” батырмасы → Әрекеттерді таңдаңыз тармағын таңдаңыз немесе Жылдам қол жеткізу тақтасының батырмалары , Бүйір және дыбысты арттыру немесе Дыбыс деңгейін реттеу батырмалары тармағын таңдаңыз, содан кейін қажетті арнайы мүмкіндіктер функцияларын белгілеңіз.

Орнатылған қолданбалар

Құрылғыда орнатылған арнайы мүмкіндіктер қызметтерін көру.

Баптаулар тармағын ашып, Арнайы мүмкіндіктер → Орнатылған қолданбалар тармағын таңдаңыз.

Ақаулықтарды жою

Samsung қызмет көрсету орталығына немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығына жүгінбес бұрын төменде келтірілген ақауларды жою тәсілдерін қолданып көріңіз. Кейбір ақаулар сіздің құрылғыңызда болмауы мүмкін.

Сондай-ақ құрылғыны пайдалану барысында туындайтын мәселелерді шешу үшін Samsung Members қолданбасын пайдалануға болады.

Құрылғыны қосқанда немесе оны пайдалану кезінде келесі кодтардың бірін енгізуді сұрайтын сұрау пайда болады:

- Құпия сөз: бұғаттау функциясы қосулы болса, құрылғының құпия сөзін енгізу қажет.
- PIN: құрылғыны алғаш қосқанда немесе PIN-код сұрауы қосулы болғанда, nano-SIM картасымен бірге берілетін PIN-кодты енгізу керек. Бұл функцияны SIM картасын бұғаттау мәзірінде өшіруге болады.
- PUK: әдетте PIN-кодты бірнеше рет қате енгізгеннен кейін nano-SIM картасы бұғатталады. Бұл жағдайда байланыс операторы берген PUK-кодты енгізу керек.
- PIN2-код: PIN2-кодты енгізу қажет мәзірге қол жеткізген кезде, пайдаланылатын nano-SIM картасына қоса берілетін PIN2-кодты енгізіңіз. Қосымша ақпарат алу үшін байланыс операторына хабарласыңыз.

Құрылғы дисплейінде желі немесе қызмет қателері туралы хабарламалар көрсетіледі

- Кейбір жерлерде желі сигналы соншалықты әлсіз, құрылғының желілік функцияларын пайдалану мүмкін емес болады. Сигнал тұрақтырақ жерге өтіңіз. Жылжу кезінде қате туралы хабарламалар пайда болуы мүмкін.
- Кейбір функцияларды пайдалану үшін оларды белсендіру қажет. Қосымша ақпарат алу үшін байланыс операторына хабарласыңыз.

Құрылғы қосылмайды

Аккумулятор толық разрядталған болса, құрылғы қосылмайды. Құрылғыны қоспас бұрын аккумуляторды толық зарядтаңыз.

Сенсор кідіріспен жауап береді немесе дұрыс жұмыс істемейді

- Сенсор келесі жағдайларда жанасуларды дұрыс танымауы мүмкін:
  - Экранға қорғаныс үлдірі/әйнегі немесе қосымша аксессуарлар жапсырылған жағдайда
  - Қолғап киген кезде, қолда кір болғанда, үшкір заттарды пайдаланғанда немесе экранға саусақ ұштарымен тигенде
  - Жоғары ылғалдылық және сұйықтықтың түсуі
- БЖ-ның уақытша мәселелерін жою үшін құрылғыны өшіріп, қайта қосыңыз.
- Құрылғыда БЖ-ның соңғы нұсқасы орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Экран сызылған немесе зақымдалған болса, Samsung қызмет көрсету орталығына немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Құрылғы «қатып қалады» немесе күрделі мәселе туындады

Төменде көрсетілген әрекеттерді орындап көріңіз. Ақау жойылмаса, Samsung қызмет көрсету орталығына немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Құрылғыны қайта жүктеу

Құрылғы «қатып қалса», барлық қолданбаларды жабу немесе құрылғыны өшіріп, қайта қосу керек.

Мәжбүрлі қайта жүктеу

Құрылғы «қатып қалса» және әрекеттерге жауап бермесе, оны қайта жүктеу үшін бүйір батырмасы мен дыбысты азайту батырмасын бір мезгілде 7 секундтан астам басып тұрыңыз.

Құрылғыны қалпына келтіру

Бұл тәсілдер мәселені жоюға көмектеспесе, құрылғы баптауларын қалпына келтіріңіз.

Баптаулар тармағын ашып, Жалпы баптаулар → Қалпына келтіру → Зауыттық баптауларға қалпына келтіру → Қалпына келтіру → Барлығын жою тармағын таңдаңыз. Құрылғы баптауларын қалпына келтірмес бұрын құрылғы жадында сақталған барлық маңызды деректердің сақтық көшірмесін жасау ұсынылады.

Қоңырау шалу немесе қабылдау мүмкін емес

- Тиісті ұялы желінің пайдаланылып жатқанына көз жеткізіңіз.
- Теріліп жатқан телефон нөміріне қоңырау шалуға тыйым салу функциясының қосулы емес екенін тексеріңіз.
- Кіріс телефон нөміріне қоңырау шалуға тыйым салу функциясының қосулы емес екенін тексеріңіз.

Әңгімелесушілер сөйлесу кезінде мені естімейді

- Кірістірілген микрофонның тесіктерінің қандай да бір бөгде заттармен жабылмағанын тексеріңіз.
- Микрофонды аузыңызға жақынырақ әкеліңіз.
- Құлаққапты пайдаланған кезде оның дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.

Қоңырау кезінде жаңғырық естіледі

Дыбыс деңгейін реттеу батырмасының көмегімен құрылғының дыбыс деңгейін реттеңіз немесе басқа жерге өтіңіз.

Желі сигналы немесе интернетке қосылым жиі жоғалады не дыбыс сапасы төмендейді

- Құрылғының кірістірілген антеннасының аймағы бөгде заттармен жабылмағанына көз жеткізіңіз.
- Кейбір жерлерде желі сигналы соншалықты әлсіз, құрылғының желілік функцияларын пайдалану мүмкін емес болады. Қосылу мәселелері байланыс операторының базалық станциясына байланысты туындауы мүмкін. Сигнал тұрақтырақ жерге өтіңіз.
- Құрылғыны қозғалыс кезінде пайдаланған кезде, байланыс операторы желісіндегі мәселелерге байланысты сымсыз желі қызметтері өшуі мүмкін.

Аккумулятор зарядталмайды (Samsung бекіткен зарядтау құрылғыларын пайдаланған кезде)

- Зарядтау құрылғысының дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Аккумуляторды ауыстыру үшін Samsung қызмет көрсету орталығына немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Сапалырақ қызмет көрсету қолдауын алу үшін өзіңіз пайдаланатын зарядтау құрылғысы мен USB кәбілін өзіңізбен бірге алыңыз.

Аккумулятор әдеттегіден жылдамырақ разрядталады

- Қоршаған орта температурасы тым төмен немесе жоғары болғанда құрылғы аккумуляторының тиімді заряды төмендеуі мүмкін.
- GPS, ойындар немесе интернет сияқты белгілі бір функциялар мен қолданбаларды пайдаланған кезде аккумулятор зарядының шығыны артады.
- Аккумулятор — шығын материалы, оның тиімді заряды уақыт өте келе төмендейді.

Камераны ашқанда қате туралы хабарламалар пайда болады

Камераны пайдалану үшін құрылғы жадында жеткілікті бос орын болуы және аккумулятор толық зарядталған болуы тиіс. Камераны ашқанда қате туралы хабарламалар пайда болса, келесі әрекеттерді орындаңыз:

- Аккумуляторды зарядтаңыз.
- Файлдарды компьютерге көшіру немесе жою арқылы құрылғының кірістірілген жадында орын босатыңыз.
- Құрылғыны қайта іске қосыңыз.

Бұл камера қолданбасымен байланысты мәселені жоюға көмектеспесе, Samsung қызмет көрсету орталығына немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Суреттің сапасы алдын ала қарауға қарағанда төмен

- Суреттердің сапасы қоршаған жағдайларға және түсіру тәсілдеріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Қараңғы жерлерде, түнде немесе бөлмеде фото түсірген кезде кескін бұлыңғыр болуы немесе онда шу пайда болуы мүмкін.

Мультимедиа файлын ашуға әрекеттенгенде қате туралы хабарламалар пайда болады

Қате туралы хабарламалар алсаңыз немесе құрылғыда мультимедиа файлдары ойнатылмаса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Файлдарды компьютерге көшіру немесе жою арқылы құрылғының кірістірілген жадында орын босатыңыз.
- Музыка файлының DRM (Digital Rights Management — цифрлық қол жеткізуді басқару) қорғауында емес екеніне көз жеткізіңіз. Файл DRM қорғауында болса, оны тек сізде тиісті кілт немесе ойнатуға арналған лицензия болған жағдайда ғана тыңдауға болады.

- Файл пішімдеріне құрылғы қолдау көрсететініне көз жеткізіңіз. DivX немесе AC3 сияқты файл пішімдеріне қолдау көрсетілмесе, оларды қолдайтын арнайы қолданбаны орнатыңыз. Құрылғыңызбен үйлесімді файл пішімдерін нақтылау үшін Samsung веб-сайтына өтіңіз.
- Құрылғы өзімен түсірілген барлық суреттер мен бейнежазбаларды ойната алады. Басқа құрылғылармен түсірілген суреттер мен бейнежазбалар ойнатылмауы мүмкін.
- Құрылғы байланыс операторы немесе қосымша қызмет жеткізушілер бекіткен мультимедиа файлдарын қолдайды. Интернеттегі кейбір мазмұн, мысалы, қоңырау әуендері, бейнежазбалар немесе тұсқағаздар дұрыс ойнатылмауы мүмкін.

Bluetooth функциясы тиісті түрде жұмыс істемейді

Bluetooth құрылғысы табылмаса, қосылу немесе өнімділік мәселелері туындаса, келесіні орындап көріңіз:

- Қосылу керек құрылғының сканерлеуге және қосылуға дайын екеніне көз жеткізіңіз.
- Телефон мен басқа Bluetooth құрылғысы Bluetooth-тың максималды әрекет ету аймағында (10 м) екеніне көз жеткізіңіз.
- Телефонда Баптаулар тармағын ашып, Қосылымдар тармағын таңдаңыз, содан кейін тиісті функцияны қайта қосу үшін Bluetooth ауыстырып-қосқышын түртіңіз.
- Телефонда желі баптауларын қалпына келтіру үшін Баптаулар тармағын ашып, Жалпы баптаулар → Қалпына келтіру → Wi-Fi және Bluetooth баптауларын қалпына келтіру → Баптауларды қалпына келтіру тармағын таңдаңыз. Қалпына келтірген жағдайда тіркелген ақпарат жоғалуы мүмкін.

Бұл кеңестер мәселені жоюға көмектеспесе, Samsung қызмет көрсету орталығына немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Құрылғыны компьютерге қосу мүмкін емес

- Пайдаланылатын USB кәбілінің құрылғымен үйлесімді екеніне көз жеткізіңіз.
- Компьютерде қажетті драйвер мен оның жаңартулары орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Құрылғы менің ағымдағы орналасқан жерімді анықтай алмайды

Кейбір жерлерде, мысалы, бөлмеде GPS сигналының жолында кедергілер пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда орналасқан жеріңізді анықтау үшін Wi-Fi желісін немесе мобильдік желіні пайдаланыңыз.

Құрылғыда сақталған деректер жоғалды

Құрылғы жадында сақталған барлық маңызды деректердің сақтық көшірмесін жүйелі түрде жасап отырыңыз. Әйтпесе, жоғалған немесе зақымдалған деректерді қалпына келтіру мүмкін болмайды. Samsung компаниясы құрылғы жадында сақталған деректердің жоғалуы үшін жауапты емес.

Құрылғы корпусының сыртқы бөлігінің айналасында шамалы саңылау бар

- Бұл саңылау корпусты өндіру кезінде сөзсіз пайда болады және құрылғы бөліктерінің шамалы дірілдеуіне немесе қозғалуына әкелуі мүмкін.
- Уақыт өте келе бөліктер арасындағы үйкеліске байланысты саңылау ұлғаюы мүмкін.

Құрылғы жадында бос орын жоқ

Жадта орын босату үшін құрылғыға қызмет көрсету функциясының көмегімен кэш сияқты қажетсіз деректерді жойыңыз немесе пайдаланылмайтын қолданбалар мен файлдарды қолмен жойыңыз.

«Үй» батырмасы көрсетілмейді

Белгілі бір қолданбалар мен функцияларды пайдаланған кезде «Үй» батырмасы бар навигация тақтасы көрсетілмеуі мүмкін. Навигация тақтасына қол жеткізу үшін экранның төменгі жиегінен жоғары сырғытыңыз.

Құрылғыны сілкігенде өзіндік дыбыс естілуі мүмкін

Камераларында оптикалық кескін тұрақтандыру (OIS) немесе автофокус (AF) функциясы бар құрылғыларда бұл дыбыс тиісті ішкі компоненттер бір-біріне тиген кезде пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс, ол құрылғының сипаттамаларымен байланысты.

Авторлық құқықтар

© Samsung Electronics Co., Ltd., 2026.
Осы нұсқаулық халықаралық авторлық құқық заңдарымен қорғалған.

Осы нұсқаулықтың кез келген бөлігін кез келген пішінде және кез келген тәсілмен, электрондық немесе механикалық, соның ішінде фотокөшірме, жазу және кез келген ақпаратты сақтау және іздеу жүйесінде сақтау арқылы көбейтуге, таратуға, аударуға немесе беруге тыйым салынады.

Тауар таңбалары

- Samsung және Samsung логотипі Samsung Electronics Co., Ltd. компаниясының тіркелген тауар таңбалары болып табылады.
- Bluetooth ® — Bluetooth SIG, Inc. компаниясының бүкіл әлемдегі тіркелген тауар таңбасы.
- Wi-Fi ® , Wi-Fi Direct ™ , Wi-Fi CERTIFIED ™ және Wi-Fi логотипі Wi-Fi Alliance компаниясының тіркелген тауар таңбалары болып табылады.
- Dolby Laboratories лицензиясымен өндірілген. Dolby, Dolby Atmos атауы және қос D әрпі бар таңба Dolby Laboratories компаниясының сауда белгілері болып табылады.
- Қалған авторлық құқықтар мен тауар таңбалары олардың иелерінің меншігі болып табылады.

